



Мазмұны

1-бап. Глоссарий	1
2-бап. Жалпы ережелер	4
3-бап. Сақтанушы. Сақтандырылған тұлға. Пайда алушы	4
4-бап. Сақтандыру объектісі	4
5-бап. Сақтандыру жағдайларының тізбесі.....	5
6-бап. Сақтандыру жағдайларынан алып тастаулар және сақтандыру шектеулері.....	5
7-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі.....	8
8-бап. Сақтандыру сыйлықақысы	9
9-бап. Франшиза.....	10
10-бап. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі.....	10
11-бап. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны	11
12-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	14
13-бап. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары	16
14-бап. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушының іс-әрекеттері	16
15-бап. Сақтандыру жағдайының басталуын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі	17
16-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары.....	18
17-бап. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі	22
18-бап. Сақтанушының залалды өтеуге қатысты құқықтарының сақтандырушыға өтуі (суброгация).....	23
19-бап. Сақтандыру шартының тоқтатылу талаптары.....	24
20-бап. Қосымша талаптар.....	25
21-бап. Дауларды шешу тәртібі	27

1-бап. Глоссарий

Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1. Актуарий – сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер мөлшеріне экономикалық-математикалық есептеулер жүргізуге байланысты қызметті жүзеге асыратын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қажетті төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы деңгейін қамтамасыз ету мақсатындағы жеке тұлға.

2. Жарылыс – қысқа уақыт аралығында шектеулі көлемде газдардың кеңеюге ұмтылысына негізделген, көп мөлшердегі энергияның аса жылдам босап шығу процесі. Резервуардың (қазандықтың, құбырдың және т.б.) жарылысы деп тек сол резервуар қабырғаларының ішкі және сыртқы қысымды теңестіру мүмкін болатындай дәрежеде жарылуын айтады. Егер осындай резервуардың ішінде химиялық реакциялардың тез жүруінен туындаған жарылыс орын алса, онда резервуар қабырғаларында жарылу іздері болмаса да, оған келтірілген залал сақтандыру шарты бойынша өтеледі. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысы резервуардағы вакуумнан немесе газдың сиреуінен келтірілген залал жағдайларына қолданылмайды.



- 3. Жарылғыш заттар** – көп мөлшерде жылу мен газ бөліне отырып, тез химиялық реакцияға қабілетті және қандай да бір түрде жарылыс жүргізу үшін арнайы арналған химиялық қосылыстар немесе заттар қоспалары.
- 4. Залалдарды өтеу** – табиғи апаттар немесе сақтандырумен жабылатын өзге де себептер салдарынан сақтандырылған мүліктің жойылуы немесе бүлінуі нәтижесінде сақтанушы шеккен залалды сақтандырушының толық немесе ішінара өтеуі.
- 5. Пайда алушы** – сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға.
- 6. Қолданыстағы заңнама** – уәкілетті мемлекеттік органдар немесе олардың лауазымды адамдары қабылдаған нормативтік құқықтық актілерден тұратын Қазақстан Республикасының заңнамасы.
- 7. Сақтандыру шарты** – «Еуразия» сақтандыру компаниясы» АҚ мен сақтанушы арасында осы Сақтандыру қағидаларының талаптары негізінде жасалатын және нақты сақтандыру объектісін сақтандыру талаптарын айқындайтын шарт. Сақтандыру шарты бойынша бір тарап (сақтанушы) сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал екінші тарап (сақтандырушы) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе шарты пайдасына жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.
- 8. Сақтандырылған тұлға** – қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға.
- 9. Құзыретті мемлекеттік органдар** – қолданыстағы заңнамада көзделген сақтандыру жағдайларын тергеп-тексеруге байланысты өз құзыреті шегінде қажетті іс-қимылдарды жүзеге асыруға уәкілетті органдар (мысалы, полиция, тергеу органдары, анықтау органдары, өрт инспекциясы, ТЖМ және басқалар).
- 10. Сақтандыру қорғанысы кезеңі** – сақтандыру жағдайлары басталған кезде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі сақтандырушының міндеті туындайтын сәттен бастап, мұндай міндет тоқтатылатын сәтке дейінгі уақыт кезеңі.
- 11. Өрт** – оны жағуға және ұстап тұруға арнайы арналмаған орындардан тыс жерде өздігінен таралуға қабілетті оттың пайда болуы.
- 12. Сақтандыру нысанының толық жойылуы (құрдымға кетуі)** – сақтандыру жағдайы нәтижесінде сақтандыру нысанына келтірілген мынадай залал:
1. сақтандырылған мүлік толықтай жойылған және қалпына келтіруге жатпайды және (немесе)
 2. сақтандырылған мүлікті қалпына келтіру жөндеуі құны тозуды есепке ала отырып, қалдық құнымен бірге, оның нақты құнынан асып кетеді.
- 13. Сақтандыру қағидалары** – сақтандырудың белгілі бір түрі бойынша сақтандыруды жүзеге асыру талаптарын айқындайтын сақтандыру ұйымының құжаты.
- 14. Сақтандыру нысаны** – сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде жойылатын (жоғалатын) немесе жай-күйі нашарлайтын (бүлінетін) сақтандырылған мүлік.
- 15. Қосымша сақтандыру (сострахование)** – бірнеше сақтандыру ұйымдарының арасында жасалған қосымша сақтандыру шартына сәйкес олардың жауапкершілігін бөле отырып, бірнеше сақтандыру ұйымдарының бір мезгілде сақтандыру шарты бойынша сақтандыру тәуекелдерін қабылдауына байланысты туындайтын қызмет және соған байланысты қатынастар.
- 16. Тараптар** – осы шартқа қол қойған сақтандырушы мен сақтанушы.
- 17. Сақтанушы** – мүліктің сақталуына мүдделі заңды тұлға немесе әрекетке қабілетті жеке тұлға, атап айтқанда: меншік иесі, иеленуші, жалдаушы, жалға алушы, лизинг беруші, лизинг алушы және сақтандыру шартын сақтандырушымен жасасқан тұлға.
- 18. Сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасы шегінде сақтандырушы пайда алушыға төлейтін ақша сомасы.
- 19. Қосарланған сақтандыру** – бірнеше сақтандырушыда бірдей тәуекелдерден бір және сол мүддені сақтандыру, бұл ретте жалпы сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан асып түседі. Қосарланған сақтандыру болған жағдайда сақтандырушылар сақтандырылатын мүдденің сақтандыру құны шегінде жауапты болады және олардың әрқайсысы өзі жасаған сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасына пропорционалды түрде жауап береді. Дамыған елдерде қосарланған сақтандыру баю мақсатында қолданылуы мүмкін, сондықтан бұл мәселе аталған елдердің заңнамаларында ерекше назарда болады.



- 20. Сақтандыру ұйымы (сақтандырушы)** – уәкілетті мемлекеттік органның тиісті лицензиясы негізінде сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға.
- 21. Сақтандыру сыйлықақысы** – сақтанушы сақтандырушыға төлеуге міндетті сақтандыру үшін төлем.
- 22. Сақтандыру құны** – сипаттамалары (дайындалған немесе салынған жылы, салуға (дайындауға) пайдаланылған материал, дайындаушы ел, орналасқан жері) сақтандыру жағдайы нәтижесінде зардап шеккен сақтандырылған мүліктің сипаттамаларына ұқсас мүліктің құны. Нақты құнын айқындау кезінде тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалау қызметін жүзеге асыруға құқылы бағалау ұйымдарын тартады.
- 23. Сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және ол сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді.
- 24. Сақтандыру агенті** – сақтандыру ұйымы атынан және соның тапсырмасы бойынша берілген өкілеттіктерге сәйкес сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.
- 25. Сақтандыру актісі (сақтандыру жағдайы туралы акт)** – сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жасайтын және сақтандыру өтемін төлеуге негіз болатын құжат.
- 26. Сақтандыру брокері** – сақтандыру және қайта сақтандыру мәселелері бойынша консультациялық қызметті және сақтанушының тапсырмасы бойынша өз атынан сақтандыру шарттарын немесе цеденттің тапсырмасы бойынша өз атынан қайта сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға.
- 27. Сақтандыру жағдайы** – сақтандыру шартында көзделген, басталуы сақтандырушының сақтандыру өтемін төлеу міндетін туындататын оқиға.
- 28. Сақтандыру тәуекелі** – басталуы мүмкін деген болжамды қауіпті оқиға. Сақтандыру дәл осы оқиғаның басталу жағдайына арналып жүзеге асырылады. Сақтандырумен жабылатын тәуекелдер шеңбері сақтандыру талаптарында нақты көрсетілуге тиіс.
- 29. Сақтандыру тарифі** – сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесі.
- 30. Суброгация** – сақтандыру өтемін төлеген сақтандырушыға төленген сома шегінде, сақтанушының сақтандыру нәтижесінде өтелген залал үшін жауапты тұлғаға қоятын талап ету құқығының ауысуы.
- 31. Терроризм** – қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру, билік органдарының шешім қабылдауына ықпал ету, саяси, пайдакүнемдік немесе кез келген өзге де террористік мақсаттарға қол жеткізу мақсатында жарылыс, өрт қою немесе адамдардың қаза болу қаупін, елеулі мүліктік залал келтіруді не өзге де қоғамдық қауіпті салдардың туындауын тудыратын өзге де әрекеттерді жасау жолымен жасалатын құқыққа қайшы, қылмыстық жазаланатын әрекет.
- 32. Сақтандыру аумағы** – осы Шарт бойынша сақтандырушының сақтандыру қорғанысы қолданылатын аумақ.
- 33. Франшиза** – сақтандыру талаптарында көзделген, белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден сақтандырушыны босату. Франшиза сақтандырылған мүлік құнының белгілі бір пайызы түрінде немесе нақты бір сома түрінде белгіленуі мүмкін. Бұл ретте, шартта қалай көзделгеніне байланысты, франшиза сақтандырылған мүліктің жалпы құнына қолданылуы мүмкін. Шартты және шартсыз франшиза ажыратылады. Шартты франшиза кезінде, егер залал мөлшері франшиза мөлшерінен аспаса, сақтандырушы залал үшін жауапкершіліктен босатылады, ал егер залал мөлшері франшизадан асса, залал толық көлемде өтелуге жатады. Шартсыз франшиза кезінде сақтандырушының жауапкершілігі залал мөлшерінен франшиза шегерілген сомамен айқындалады. Сақтандыру шартына франшиза енгізудің мақсаты – ұсақ залалдарды реттеуге байланысты шығыстардан сақтандырушыны босату, өйткені көптеген жағдайларда мұндай шығыстар залал сомасынан асып түседі. Бұдан басқа, франшиза сақтанушыны сақтандырылған мүлікке анағұрлым ұқыпты қарауға міндеттейді.
- 34. Сақтандыру нысанына сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген ішінара залал** – мөлшері сақтандыру жағдайы басталар алдындағы зақымданбаған сақтандыру нысанының бағалау құнынан, сақтандыру жағдайынан кейінгі сақтандыру нысанының қалдық құнын және қалпына келтіру жөндеуінің құнын ескере отырып, аспайтын залал.
- 35. ҚЖ/ТҚ** – қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру.



2-бап. Жалпы ережелер

1. Осы ерікті түрде мүлікті залалдан сақтандыру қағидаларының талаптарына сәйкес (бұдан әрі – Қағидалар/Сақтандыру қағидалары) бұдан әрі Сақтандырушы деп аталатын «Еуразия» сақтандыру компаниясы» АҚ заңды және жеке тұлғалармен (бұдан әрі – сақтанушы) сақтанушының Сақтандыру қағидаларына қосылуы және Сақтандырушының сақтанушыға сақтандыру полисін беруі жолымен мүлікті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі мәтін бойынша – Шарт/Сақтандыру шарты) жасасады.
2. Мүлікті залалдан сақтандыру шарты бойынша сақтандырушы сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сыйлықақысы үшін сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе шарт пайдасына жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

3-бап. Сақтанушы. Сақтандырылған тұлға. Пайда алушы

1. Сақтанушы – мүліктің сақталуына мүдделі заңды тұлға немесе әрекетке қабілетті жеке тұлға, атап айтқанда: иеленуші, жалдаушы, жалға алушы, лизинг беруші, лизинг алушы және сақтандыру шартын сақтандырушымен жасасқан тұлға.
2. Сақтанушы – заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда, сақтандыру шарты қолданылатын кезеңде осы шарт бойынша оның құқықтары мен міндеттері сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті құқық мирасқорына ауысады.
3. Сақтанушы – жеке тұлға сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде қайтыс болған жағдайда, осы сақтандыру шарты бойынша оның құқықтары мен міндеттері сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сақтанушының мұрагерлеріне ауысады.
4. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы бір мезгілде сақтандырылған тұлға болып табылады.
5. Сақтанушы сақтандыру шартында үшінші тұлғаны сақтандырылған тұлға ретінде айқындай алады. Мұндай жағдайларда сақтандыру объектісі болып сақтандырылған тұлғаның мүлкі және соған байланысты мүліктік мүдделер табылады.
6. Сақтандыру шартын сақтандырылған тұлғаның пайдасына жасасу сақтанушыны сақтандыру шарты бойынша міндеттерді орындаудан босатпайды.
7. Сақтанушы сақтандыру шартын жасасу кезінде кез келген тұлғаны пайда алушы ретінде тағайындауға құқылы.
8. Сақтандыру жағдайы басталғанға дейін сақтанушы сақтандырылған тұлға болып табылмайтын, сақтандыру шартында көрсетілген пайда алушыны бұл туралы сақтандырушыны жазбаша хабардар ете отырып, басқа тұлғамен алмастыруға құқылы.
9. Пайда алушы сақтандыру шарты бойынша сақтанушымен жасалған келісімнен туындайтын белгілі бір міндеттерді орындағаннан кейін немесе сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы сақтандырушыға талап қойғаннан кейін басқа тұлғамен ауыстырылмайды.

4-бап. Сақтандыру объектісі

1. Сақтандыру объектісі болып сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) мүлікті иеленуге, пайдалануға және/немесе оған билік етуге байланысты мүліктік мүдделері табылады.
2. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) меншік құқығындағы, сондай-ақ сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) жалға алған не кредитті қамтамасыз ету болып табылатын (кепілге қойылған) мүлік сақтандырылуға жатады.
3. Сақтандыру мыналарға қолданылмайды:
 - 1) теңгедегі және шетел валютасындағы қолма-қол ақшаға;
 - 2) акцияларға, облигацияларға және кез келген басқа бағалы қағаздарға;
 - 3) қолжазбаларға, жоспарларға, сызбаларға және өзге де құжаттарға, бухгалтерлік және іскерлік кітаптарға;
 - 4) модельдерге, макеттерге, үлгілерге, нысандарға және т.б.;
 - 5) құймадағы бағалы металдарға және қондырмасыз асыл тастарға, қымбат әшекейлерге және т.б.;



- б) компьютерлік және соған ұқсас жүйелердің техникалық ақпарат тасымалдағыштарына, атап айтқанда магниттік таспалар мен кассеталарға, магниттік дискілерге, жады блоктарына және т.б.;
- 7) маркаларға, монеталарға, ақша белгілері мен бондарға, суреттерге, картиналарға, манускрипттерге, гравюраларға, мүсіндерге, скульптураларға немесе өзге де коллекцияларға, өнер туындыларына немесе антиквариатқа;
- 8) жарылғыш заттарға;
- 9) жылжымалы құрылыс, ауыл шаруашылығы немесе өзге де машиналарға;
- 10) сақтандырылған үй-жайда орналасқан, бірақ сақтанушыға тиесілі емес мүлікке;
- 11) автомобиль, әуе, теміржол және су көлігіне;
- 12) жүктерге.

4. Осы баптың 3-тармағының 1)-10) тармақшаларында көрсетілген мүлікке сақтандыру, егер бұл сақтандыру шартында арнайы келісілген жағдайда ғана қолданылуы мүмкін.

5-бап. Сақтандыру жағдайларының тізбесі

1. Осы қағидаларға сәйкес жасалған сақтандыру шарты бойынша сақтандыру мынадай сақтандыру жағдайлары немесе оқиғалар нәтижесінде мүліктің жоғалу (қаза болу) немесе бүліну тәуекелін қамтиды (жиынтығы бойынша (толық пакет) немесе олардың кез келген комбинациясы бойынша):

- 1) өрт, найзағай түсуі, жарылыс;
- 2) сақтандырылған мүлікке басқарылатын ұшу аппараттарының немесе олардың сынықтарының және олардан түскен заттардың құлауы;
- 3) табиғи апаттар, атап айтқанда: жанартаудың атқылауы немесе жер асты отының әсері, көшкін, тау опырылысы, дауыл, құйын, жойқын дауыл, су тасқыны, нөсер, қар көшкіні;
- 4) жер сілкінісі;
- 5) бу қазандықтарының, газ қоймаларының, газ құбырларының, машиналардың, аппараттардың жарылуы;
- 6) сақтандырылған мүліктің су құбыры, кәріз, жылыту жүйелері және өрт сөндіру жүйелерінен шыққан сумен бүлінуі;
- 7) үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері, атап айтқанда: бұзып ұрлау, тонау немесе қарақшылық.

2. Осы баптың 1-тармағының 1)-7) тармақшаларында көрсетілген тәуекелдер бойынша сақтандыру талаптарының сипаттамасы сақтандыру полисінде баяндалады.

3. Осы қағидалар бойынша қосымша түрде осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген, басталуы ықтималдық және кездейсоқтық белгілеріне ие өзге де оқиғалар нәтижесінде мүліктің жоғалу (қаза болу) немесе бүліну тәуекелдері сақтандырылуы мүмкін, оның ішінде:

- 1) ағаштардың, жарнамалық қалқандардың, метеориттің және өзге заттардың құлауы;
- 2) көлік құралдарының және/немесе өздігінен жүретін машиналардың соғуы;
- 3) жәндіктердің және/немесе жануарлардың қаптап кетуі;
- 4) жабдықтың, тетіктердің және/немесе жүйелердің бүлінуі;
- 5) өсімдіктердің аурулары мен зиянкестері;
- 6) ерте және кеш үсіктер (өсімдіктерге қатысты).

6-бап. Сақтандыру жағдайларынан алып тастаулар және сақтандыру шектеулері

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көрсетілген сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың жалпы негіздерінен басқа, егер сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға төменде көрсетілген және сақтандыру жағдайының басталуына себеп болған бір немесе бірнеше фактілер болған кезде орын алса, сақтандырушы жауапты болмайды және сақтанушыға сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:

1. сақтанушының, сақтандырылған тұлғаның Қазақстан Республикасында белгіленген өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзуы;
2. сақтанушының (оның жұмыскерлерінің) алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық масаң күйде болуы және/немесе ағзаның психомоторлық функцияларына әсер ететін дәрілік препараттарды қолдануы кезіндегі әрекеттері/әрекетсіздігі;
3. террористік актілер және үшінші тұлғалардың саяси себептермен жасаған құқыққа қарсы әрекеттері;
4. жылжымайтын мүлікті салу кезінде пайдаланылған материалдарды өндіруші жол берген материалдардың кемшіліктері, ақауы нәтижесінде мүліктің зақымдануы (қаза болуы/жоғалуы);



5. жылжымайтын мүлікті тұрғызған құрылысшылардың кемшіліктері, ақауы нәтижесінде мүліктің зақымдануы (қаза болуы/жоғалуы);
6. жылжымайтын мүлікті жөндеу, қалпына келтіру кезінде белгіленген нормалар мен қағидалардың бұзылуы нәтижесінде мүліктің зақымдануы (қаза болуы/жоғалуы);
7. құрылыс, қайта құру (монтаждау) кезінде құрылыс нормалары мен қағидаларында (ҚНЖЕ) арнайы көзделмеген және ұсынылмаған құрылыс, жинақтаушы және шығыс материалдарын пайдалану;
8. сақтандырылған мүліктің сақталуын қамтамасыз етпеу, атап айтқанда: мүлікті тиісті күзетсіз қалдыру, бекіту құрылғыларын және/немесе құралдарын жұмыс жағдайына келтірмеу, солардың болмауы, өзге де қауіпсіздік шараларының болмауы немесе оларды жұмыс жағдайына келтірмеу;
9. сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның Сақтандыру шарты күшіне енбеген кезеңде орын алуы;
10. сақтандыру жағдайы басталғаны туралы сақтандырушыны хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу, егер бұл сақтанушының еркіне байланысты емес себептерден немесе дәлелді себептермен туындамаса және сақтанушы осы фактіні растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда;
11. сақтанушының Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттерін орындамауы;
12. соғыс; басып кіру; шет мемлекеттің дұшпандық әрекеттері; соғыс жарияланғанына немесе жарияланбағанына қарамастан әскери немесе соған ұқсас операциялар немесе азаматтық соғыс;
13. бүлік; ереуіл; локаут; ауқымы жағынан халық көтерілісіне ұласқан немесе ұласатын азаматтық тәртіпсіздіктер; көтеріліс; азаматтық толқулар; әскери бүлік; революция; билікті әскери басып алу немесе иемденіп алу; мүлікті тәркілеу; реквизициялау немесе ұлттандыру;
14. осы Шарт жасалғанға дейін сақтандыру қорғанысы аумағы табиғи апат аймағы деп жарияланған кездегі табиғи апаттар;
15. радиоактивті сәулелену немесе атом отынын жағудан шыққан радиоактивті отынмен не радиоактивті қалдықтармен ластану;
16. егер ғимараттың немесе оның бір бөлігінің опырылуы сақтандыру жағдайынан туындамаса;
17. осы Шартты жасасу сәтінде сақтанушыға (сақтандырылған тұлғаға) белгілі болған ақаулар;
18. біртіндеп әсер ететін себептер, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: тозу, тот басу, коррозия, көгеру, саңырауқұлақ, дымқыл немесе құрғақ шіру, біртіндеп нашарлау, жасырын ақаулар, туа біткен кемістіктер, баяу дамиды деформация немесе бұрмалану, жәндіктердің қалдықтары, кез келген түрдегі паразиттер/микробтардың және кеміргіштердің әсері;
19. шатырдың ағуы (егер шатыр сақтандыру жағдайы кезінде бүлінбесе) немесе есіктердің, терезелердің не желдеткіштердің ашық қалдырылуы;
20. автоматты спринклерлік өрт сөндіру жүйелерінен ағу;
21. жобадағы (дизайндағы), техникалық сипаттамалардағы, өндірістегі, материалдардағы қателіктер мен жаңсақтықтар;
22. сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) тез тұтанатын, улы, жарылғыш және күйдіргіш материалдарды қолдануы және сақтауы;
23. жылдың осы мезгіліне және осы жерге тән қалыпты ауа райы және табиғи жағдайлардың/құбылыстардың әсері;
24. сақтандырылған мүліктің өртеу нәтижесінде бүлінуі, қаза болуы немесе жоғалуы сақтандырумен жабылмайды.

2. Сақтандырушының Шарт бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына сондай-ақ мынадай мән-жайлар негіз болуы мүмкін:

1. сақтандыру жағдайының Шарт күшіне енбеген кезеңде басталуы;
2. сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыны хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу;
3. құзыретті органдардың сақтандыру жағдайы туралы қорытындысының болмауы;



4. сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын немесе оның кезекті бөлігін Шартта белгіленген мерзімдерде төлемеуі;
 5. сақтанушының/сақтандырылған тұлғаның Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттерін орындамауы;
 6. сақтанушының/сақтандырылған тұлғаның/пайда алушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қатысты өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ сақтандырушыға талап ету құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы;
 7. сақтанушының/пайда алушының/сақтандырылған тұлғаның әрекеттері (әрекетсіздігі), соның салдарынан сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығын жүзеге асыруы мүмкін болмай қалуы.
- 3. Сақтандырушы мынадай шығыстар үшін сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:**
1. сақтандырылған мүліктің тауарлық түрін жоғалту;
 2. сақтандыру жағдайына және оны уәкілетті органдарда дәлелдеуге байланысты істі жүргізу шығыстары (көшірме жасау, нотариалды куәландыру, сараптама, адвокат, өкіл, аудармашы қызметтеріне ақы төлеу және т.б.);
 3. сақтандырылған мүлікті жақсарту және жаңғырту жөніндегі шығыстар;
 4. сақтанушының моральдық зияны мен тұрақсыздық айыбы, сондай-ақ сақтандырушыдан өтеу талап етілген моральдық зиян мен тұрақсыздық айыбы;
 5. үшінші тұлғаларға келтірілген зиян;
 6. сақтанушының/пайда алушының айырылып қалған пайдасы;
 7. сақтандырылған мүлікпен бірге жоғалған дабыл беру және/немесе күзет жүйесінің, сондай-ақ бекіту құрылғыларының құны;
 8. қалыпты тозу және табиғи кему, сондай-ақ мүліктің табиғи ерекшеліктері салдарынан орын алған бүлінуі және/немесе жоғалуы (қаза болуы);
 9. сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде сақтанушыға салынған айыппұлдарды, өсімпұлдарды, тұрақсыздық айыбын және/немесе өзге де әкімшілік өндіріп алулар мен санкцияларды өтеу жөніндегі шығыстар;
 10. сақтандырылған мүліктің кез келген механикалық сынулары немесе ақаулары;
 11. сынақтар жүргізу, қасақана артық жүктеу немесе сақтандырылған мүлікті пайдаланудың қалыптан тыс жағдайларын көздейтін эксперименттер салдарынан сақтандырылған мүліктің механикалық сынуы, сондай-ақ сақтандырылған мүліктің құрылымына сақтандырушының келісімінсіз өзгерістер немесе жетілдірулер енгізу салдарынан механикалық сынуы;
 12. қоршаған ортаның коррозия, эрозия немесе ұзаққа созылған кез келген өзге химиялық немесе атмосфералық әсері, сондай-ақ кірдің, тоттың, қақтың және т.б. шамадан тыс әсері салдарынан сақтандырылған мүліктің механикалық сынуы;
 13. егер Шарт бойынша сақтандырылған мүлік өнеркәсіптік жабдық болып табылса, арнайы рұқсаты жоқ және арнайы оқытудан өтпеген біліктілігі жоқ персоналдың сақтандырылған мүлікті пайдалануы немесе қолдануы, сол сияқты арнайы оқытылмаған және арнайы рұқсаты жоқ тұлғалардың қызмет көрсетуі және/немесе жөндеуі салдарынан туындаған залал;
 14. бағдарламалау кезінде, деректер тасымалдағыштарын енгізу кезінде, таңбалау кезінде жіберілген қателіктер, магнит өрістерінің әсері нәтижесінде электрондық ақпаратты абайсызда жою нәтижесінде келтірілген залал;
 15. егер сақтандырушы абандон құқығынан бас тартып, сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде жоғалған сақтандырылған мүліктің қалдық құнын ұстап қалған жағдайда, бүлінген сақтандырылған мүлікті сақтау және тасымалдау жөніндегі сақтанушының шығыстары, сондай-ақ жарамсыз (қаза болған) мүлікті жою жөніндегі сақтанушының шығыстары;
 16. сақтандырылған мүлікті тиеу, қайта тиеу, түсіру жөніндегі шығыстар;
 17. сақтандырылған мүлікті тиеу, қайта тиеу, түсіру және тасымалдау нәтижесінде келтірілген залал;
 18. егер сақтандыру жағдайы басталған сәтте мұндай жинақтаушы және/немесе шығыс материалдары ауыстыруды қажет етсе немесе 70 (жетпіс) пайызға тозған болса, оларды ауыстыруға арналған шығыстар;



19. сақтандырылған жылжымалы мүліктің бұзып кіру іздерінсіз не ол орналасқан үй-жайға күш қолданып кірусіз ұрлануы, сондай-ақ сақтандырылған жылжымалы мүліктің жұмбақ (белгісіз) мән-жайларда жоғалуы;
 20. мүліктің оларды қайта өңдеу мақсатында немесе өзге мақсаттарда (мысалы, кептіру, қайнату, үтіктеу, ыстау, қуыру, ыстық өңдеу немесе металдарды балқыту және т.б.) от, жылу немесе өзге де термиялық әсермен өңдеу нәтижесінде пайда болған бүлінуінен және/немесе жоғалуынан (қаза болуынан) келген залалдар;
 21. Шарт қолданылатын кезеңде жер астында және/немесе шахталарда болған және пайдаланылған сақтандырылған мүліктің бүлінуі және/немесе жоғалуы;
 22. бу қозғалтқыштарының, бу немесе су жылыту қазандықтарының, бу бұрғылау сорғыларының, бу құбырларының, бу және су жылытқыштарының немесе олардың қосылыстарының су немесе бу қысымының артуы салдарынан жарылуы және/немесе одан кейінгі өрт, тесіліп кетуі немесе бұзылуы, сондай-ақ іштен жану қозғалтқыштарының, электр бұрғылау сорғыларының, маховиктердің және басқа да айналмалы әрі қозғалмалы бөлшектердің жарылуы салдарынан туындаған бүліну нәтижесінде мүліктің бүлінуінен және/немесе жоғалуынан келген залалдар;
 23. ұңғымадағы авариялық лақтыру (ұңғыманың бақылаудан шығуы) және кратердің пайда болуы нәтижесінде мүліктің бүлінуінен және/немесе жоғалуынан келген залалдар;
 24. ұңғыманың бақылаудан шығуы салдарынан туындаған кейінгі өрт кезіндегі мүліктің бүлінуінен және/немесе жоғалуынан келген залал.
- 4. Сақтандырушы мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға міндетті:**
1. Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты тұлғалар мен ұйымдар тізбесінде болуы;
 2. сақтанушының/сақтандырылған тұлғаның сақтандырушының сұрау салуы бойынша тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 3. ақша және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция ҚЖ/ТҚ мақсатына арналып жасалады деп пайымдауға негіздер болған кезде.
- 5. Сақтандыру шартында сақтандырудан алып тастаулардың өзге тізбесі және өзге де сақтандыру шектеулері көзделуі мүмкін.**
- 6. Егер сақтанушы заңдарда немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген өрт қауіпсіздігі, үй-жайлар мен құндылықтарды қорғау, жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі қағидалары мен нормаларын немесе соған ұқсас өзге де нормаларды бұзса, не мұндай бұзушылықтар сақтанушының білуімен жасалса, сақтандырушы сақтанушыны алдын ала хабардар ете отырып, бұзушылықтар туралы өзіне белгілі болған күннен бастап бір ай ішінде аталған бұзушылықтар жойылғанға дейін сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауды тоқтатуға құқылы.**
- 7. Сақтандырушы тікелей себебі қауіпсіздік нормаларының бұзылуы болған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы. Алайда, егер бұл нормалардың бұзылуы залалдың туындау себептерімен байланысты болмаса немесе Сақтандырушы бұзушылық туралы өзіне белгілі болған сәттен бастап бір ай өткен соң сақтандыру шартын бұзу құқығын пайдаланбаса, сақтандыру төлемі жүзеге асырылады.**

7-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі

- 1. Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және ол сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді.**
- 2. Мүлікті залалдан сақтандыру кезінде сақтандыру сомасы сақтандыру шартын жасасу сәтіндегі оның нақты құнынан (сақтандыру құнынан) аспауға тиіс.**
- 3. Тараптар сақтандыру шартында айқындалған мүлік құнына дау айта алмайды, тек сақтандырушы сақтанушының оны қасақана жаңылыстырғанын дәлелдеген жағдайларды қоспағанда.**
- 4. Егер сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан асып кетсе, онда ол сақтандыру шарты жасалған сәттегі сақтандыру құнынан асатын бөлігінде жарамсыз болып табылады.**
- 5. Сақтандыру сомасының мөлшері сақтандыру шартын жасасу сәтіндегі мүліктің нақты құнын растайтын құжаттар негізінде тараптардың келісімімен айқындалады.**



6. Нақты күн (сақтандыру құны) сақтандыру шарты жасалған күнгі қолданылған бағалардан шыға отырып есептеледі және былайша айқындалады:

- 1) жабдық, машиналар, мүкәммал, үй мүлкі және жеке пайдалануға арналған заттар үшін – тозуды (есептелген амортизацияны) шегере отырып немесе шегермей, қаза болған затқа толықтай ұқсас затты сатып алу үшін қажетті сомадан шыға отырып;
- 2) ғимараттар мен құрылыстар үшін – осы жергілікті жердегі қаза болған ғимаратқа толықтай ұқсас ғимаратты салу құны, қаза болған (бүлінген) ғимараттың немесе құрылыстың тозуын немесе тозусыз және пайдалану-техникалық жай-күйін ескере отырып;
- 3) сақтанушы өндіретін тауарлар үшін (аяқталмаған өндірістегі де, дайын өнім де) – қаза болған заттарды қайта дайындау үшін қажетті өндіріс шығындары, бірақ олардың сату бағасынан аспайтын мөлшерде;
- 4) сақтанушы сауда жасайтын тауарлар үшін, сондай-ақ сақтанушы сатып алған шикізат үшін – оларды қайта сатып алу үшін қажетті бағалар бойынша, бірақ сақтандыру жағдайы болған күнгі олар сатылуы мүмкін бағалардан аспайтын мөлшерде.

7. Егер сақтандыру шарты жасалған сәтте сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан төмен белгіленсе, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) сақтандыру жағдайы нәтижесінде шеккен нақты залалының сақтандыру сомасының сақтандыру құнына қатынасына пропорционалды бөлігін мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

8. Сақтандыру шарты бойынша жалпы сақтандыру сомасы сақтандыруға қабылданған әрбір объекті бойынша жекелеген сақтандыру сомаларынан құралады.

9. Сақтандыру шартында мынадай түрдегі сақтандыру сомалары белгіленуі мүмкін:

- 1) жалпы сақтандыру сомасы – сақтандыру қорғанысының бүкіл кезеңі ішінде барлық сақтандыру жағдайлары бойынша жауапкершіліктің жиынтық шекті көлемі;
- 2) сақтандыруға қабылданған әрбір объект бойынша сақтандыру сомасы;
- 3) әрбір немесе бірнеше сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру сомасы;
- 4) бір оқиға нәтижесіндегі сақтандыру жағдайлары сериясы бойынша сақтандыру сомасы;
- 5) әрбір сақтандыру тәуекелі бойынша не сақтандыру тәуекелдерінің тобы бойынша сақтандыру сомасы;
- 6) сақтандыру сомаларының өзге түрлері.

8-бап. Сақтандыру сыйлықақысы

1. Сақтандыру сыйлықақысы – сақтанушының сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемені қабылдағаны үшін сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісі мен сақтандыру тәуекелінің сипатын ескере отырып, сақтандыру сомасының бірлігінен есептеледі.

2. Сақтандыру шартында жалпы сақтандыру сыйлықақысы белгіленеді. Сондай-ақ сақтандыру шартында сақтандыру сомасы мен сақтандыру тарифіне қарай әрбір объекті және әрбір сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру сыйлықақысы белгіленуі мүмкін.

3. Сақтандырушы төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау кезінде тәуекел факторларына қарай белгіленетін базалық сақтандыру тарифтеріне арттырушы және төмендетуші коэффициенттерді қолдануға құқылы: сақтандырылған үй-жайдың немесе сақтандырылған үй-жайдағы мүліктің өрт сөндіру құралдарымен жабдықталуы, өрт сөндіру қызметінің жақын постынан, авариялық және жөндеу қызметтерінен қашықтығы және т.б.

4. Сақтандыру сыйлықақысы сақтанушы тарапынан бір жолғы тәртіппен немесе кезеңдік сақтандыру жарналары түрінде бөліп төлеу арқылы, қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз нысанда төленуге жатады.

5. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) сақтандыру шартында келісілген мерзімдерде төлемеген жағдайда, сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) төленбеген күннен бастап Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

6. Егер сақтандыру жағдайы төлеу мерзімі өтіп кеткен белгілі бір сақтандыру жарнасын (сақтандыру сыйлықақысын) төлеуге дейін басталса, сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындаған кезде төленбеген сақтандыру жарнасының (сақтандыру сыйлықақысының) сомасын есепке жатқызуға құқылы.



7. Егер оның қолданылуы сақтанушының сақтандыру сыйлықақысының кезекті бөлігін төлемеуіне байланысты шарттың бұзылуы салдарынан тоқтатылған болса, сақтандыру шарты қайта жаңғыртылуы мүмкін. Бұл ретте сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ұзартылмайды. Сақтандырушы сақтандыру шарты бұзылған сәттен бастап қайта жаңғыртылған сәтке дейінгі кезеңде сақтандыру шарты бойынша жауапты болмайды және осы кезеңде болған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

9-бап. Франшиза

1. Сақтандыру шартында тараптардың келісімі бойынша шартсыз (шегерілетін) немесе шартты (шегерілмейтін) франшиза – сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залалды өтеуге сақтанушының өзінің қатысуы көзделуі мүмкін. Франшиза сақтандыру сомасының пайызы түрінде де, нақты бір сома түрінде де белгіленуі мүмкін.

2. Франшиза мөлшері сақтандыру шартында келісіледі:

- 1) шартсыз франшиза кезінде залал барлық жағдайларда белгіленген сома шегеріле отырып өтеледі;
- 2) шартты франшиза кезінде сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден босатылады, бірақ егер залал мөлшері осы сомадан көп болса, залалды толық өтеуге тиіс.

10-бап. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

1. Сақтандыру шарты Сақтанушының өтініш-сауалнамасы негізінде жасалады. Өтініш-сауалнама Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады. Өтініш-сауалнама нысаны Сақтандырушының ішкі құжаттарына сәйкес жасалады.

2. Сақтандыру шарты Сақтанушының қалауы бойынша мынадай жолдармен жасалуы мүмкін:

- 1) Сақтандырушыға жазбаша түрде жүгіну;
- 2) Компанияның «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатындағы ішкі бақылау қағидаларына» сәйкес тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсыну арқылы Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып электрондық нысанда ақпарат алмасу.

3. Егер сақтандыру шарты сақтанушының белгіленген нысандағы жазбаша өтініш-сауалнамасы негізінде жасалса, бұл өтініш сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

4. Сақтандырушы өтініш-сауалнаманың нысанын және сұратылатын мәліметтерді өзгертуге құқылы.

5. Сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтанушы сақтандырушыға өзіне белгілі, сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан туындауы мүмкін залалдардың мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) айқындау үшін елеулі мәнге ие барлық мән-жайлар туралы хабарлауға міндетті.

6. Сақтандырылған мүлік туралы ақпараттың дұрыстығы үшін жауапкершілік сақтанушыға жүктеледі.

7. Егер сақтандыру шарты сақтанушының сақтандырушының қандай да бір сұрақтарына жауаптарынсыз жасалса, сақтандырушы кейіннен тиісті мән-жайлар сақтанушы тарапынан хабарланбаған деген негізбен сақтандыру шартын бұзуды не оны жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.

8. Егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін сақтанушы осы баптың 5-тармағында көрсетілген мән-жайлар туралы сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер бергені анықталса, сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.

9. Егер сақтанушы айтпай қалған мән-жайлар жойылып кеткен болса, сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.

10. Сақтанушының өтінішінде сақтандыру шартын жасасу сәтінде сақтандырылуға жататын мүлікте бар бүлінулер мен ақаулар көрсетіледі. Сақтанушы өзіне тиесілі мүлікке қатысты басқа тұлғалардың талаптарының, сот талап-арыздарының бар екендігі немесе соттың қабылданған шешімдерінің бар екендігі туралы сақтандырушыны хабардар етуге міндетті.

11. Сақтандырушы мүліктің бар-жоғын және жай-күйін, сондай-ақ сақтанушы хабарлаған мүлік туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеруге құқылы.



12. Сақтандыру шарты сақтанушының сақтандырушы біржақты тәртіппен әзірлеген үлгі талаптарға (осы қағидаларға) қосылуы (қосылу шарты) және сақтандырушының сақтанушыға сақтандыру полисін беруі жолымен жазбаша нысанда жасалады.

13. Сақтандыру шартында мыналар қамтылуға тиіс:

- 1) сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;
- 2) сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және тұрғылықты жері (егер ол жеке тұлға болса) немесе оның атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер ол заңды тұлға болса);
- 3) сақтандыру объектісін көрсету;
- 4) сақтандыру жағдайын көрсету;
- 5) сақтандыру сомасының мөлшері және сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;
- 6) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері;
- 7) шарттың жасалған күні және қолданылу мерзімі;
- 8) егер сақтандырылған тұлға мен пайда алушы сақтандыру қатынасының қатысушылары болып табылса, олар туралы мәліметтер;
- 9) сақтандыру полисінің нөмірі, сериясы;
- 10) шарт талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі;
- 11) сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы сақтанушыны немесе сақтандырылған тұлғаны хабардар ету мерзімдері;
- 12) сақтанушының салық төлеушінің тіркеу нөмірін (ол болған жағдайда), резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету;
- 13) егер сақтандырылған тұлға (пайда алушы) сақтандыру шарты бойынша сақтанушы болып табылмаса, сақтандыру шартында көрсетілген жағдайда сақтандырылған тұлғаның (пайда алушының) салық төлеушінің тіркеу нөмірін (ол болған жағдайда), резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету;
- 14) сақтандыру сомасының, сақтандыру төлемінің және сақтандыру сыйлықақысының валютасының түрі.

14. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда, сақтандырушы сақтанушының жазбаша өтініші негізінде сақтандыру шартының телнұсқасын береді, содан кейін жоғалған сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

11-бап. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

1. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шарты сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап, ал оны бөліп төлеген жағдайда – алғашқы сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

2. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шарты алғашқы сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған сәттен бастап өз қолданысын тоқтатады.

3. Сақтандыру шарты бір жылдан аз мерзімге жасалған кезде, сақтандыру сыйлықақысы жылдық сыйлықақының төмендегі мөлшерлерінде белгіленеді (толық емес ай толық ай ретінде есептеледі):

Мерзімі	1 ай және одан аз	2 ай	3 ай	4 ай	5 ай	6 ай	7 ай	8 ай	9 ай	10 ай	11 ай
Жылдық сақтандыру сыйлықақысынан %	20	25	40	50	60	70	75	80	85	90	95

4. Сақтандыру бір жылдан астам мерзімге жасалған жағдайда, сақтандыру шарты бойынша жалпы сақтандыру сыйлықақысы әр жыл үшін сақтандыру сыйлықақыларының жиынтығы ретінде белгіленеді. Бұл ретте толық емес жыл үшін сақтандыру сыйлықақысы мынадай формула бойынша есептеледі:

Птолық емес = СТ × (N/12), мұнда:

Птолық емес – толық емес жыл үшін сақтандыру сыйлықақысы (бір жылдан астам мерзімге



сақтандыру кезінде);

СТ – сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру тарифі;

N – толық емес жылдағы сақтандыру қорғанысының ай саны.

5. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының әрекет ету кезеңі сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

6. Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру аумағы) тек сақтандыру шартында көрсетілген аумаққа ғана таралады.

Статья 12. Права и обязанности сторон

1. Страхователь имеет право:

- 1) требовать от страховщика информацию о его платежеспособности и финансовой устойчивости;
- 2) получить страховую выплату при наступлении страхового случая, если он является Выгодоприобретателем по Договору страхования;
- 3) совершать иные действия, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

2. Страхователь обязан:

- 1) при заключении договора страхования сообщить страховщику обо всех известных ему обстоятельствах, имеющих существенное значение для оценки страхового риска и принятия страховщиком решения о заключении договора страхования;
- 2) письменно сообщать страховщику обо всех заключенных и заключаемых договорах страхования имущества от ущерба с другими страховыми компаниями;
- 3) уплачивать страховые премии в размере, порядке и сроки, установленные договором страхования;
- 4) в период действия договора страхования незамедлительно информировать страховщика о состоянии страхового риска;
- 5) довести до сведения застрахованных условия страхования;
- 6) выполнять условия страхования (нарушение условий договора страхования застрахованными расценивается как нарушение условий договора страхования самим страхователем);
- 7) уведомлять страховщика о наступлении события, имеющего признаки страхового случая и/или последствием которого может быть наступление страхового случая, в сроки, установленные договором страхования;
- 8) предпринимать меры по предотвращению или уменьшению убытков от страхового случая;
- 9) предоставлять страховщику всю имеющуюся у него информацию, позволяющую судить о причинах, ходе и последствиях страхового случая, характере и размерах причиненного убытка;
- 10) обеспечить переход к страховщику права требования в порядке суброгации к лицу, ответственному за наступление страхового случая;
- 11) Страхователь подтверждает свое согласие, а также согласие Застрахованного (Выгодоприобретателя) на сбор и обработку Страховщиком либо третьим лицом персональных данных Страхователя, Застрахованного (Выгодоприобретателя), включая трансграничную передачу персональных данных. Срок хранения персональных данных определяется Страховщиком до минования надобности в дальнейшем хранении персональных данных и составляет 10 лет. Использование персональных данных осуществляется в целях исполнения Обществом либо третьим лицом условий Договора и/или законодательства Республики Казахстан, а также для реализации целей деятельности Общества в целом.
- 12) Страхователь подтверждает свое согласие, а также согласие Застрахованного (Выгодоприобретателя) на распространение персональных данных в общедоступных источниках персональных данных, электронных и иных базах данных и картотеках, включая передачу таких данных третьим лицам.
- 13) Страхователь обязан истребовать у Застрахованного (Выгодоприобретателя) письменное согласие на обработку Страховщиком либо третьим лицом персональных данных Застрахованного (Выгодоприобретателя), включая согласие на трансграничную передачу персональных данных, а также на распространение персональных данных в общедоступных источниках персональных данных, электронных и иных базах данных и картотеках, включая передачу таких данных третьим лицам.
- 14) Страхователь несет ответственность за отсутствие согласия Застрахованного (Выгодоприобретателя) на обработку Страховщиком либо третьим лицом персональных данных



Застрахованного (Выгодоприобретателя), включая случаи отсутствия согласия на трансграничную передачу персональных данных и на распространение персональных данных в общедоступных источниках персональных данных, электронных и иных базах данных и картотеках, включая отсутствие согласия на передачу таких данных третьим лицам.

15) Согласие на сбор и обработку данных включает:

наименование (фамилия, имя, отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность)), бизнес-идентификационный номер (индивидуальный идентификационный номер);

фамилия, имя, отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) субъекта;

срок или период, в течение которого действует согласие на сбор, обработку персональных данных;

сведения о возможности оператора или ее отсутствии передавать персональные данные третьим лицам;

сведения о наличии либо отсутствии трансграничной передачи персональных данных в процессе их обработки;

сведения о распространении персональных данных в общедоступных источниках;

перечень собираемых данных, связанных с субъектом персональных данных.

16) Страхователь подтверждает свое согласие, а также согласие Застрахованного (Выгодоприобретателя) на сбор и обработку Страховщиком либо третьим лицом персональных данных Страхователя, хранящихся в общедоступных источниках, электронных и иных базах данных и картотеках, социальных сетях, Интернет-ресурсах, мобильных приложениях Страхователя, Застрахованного, Выгодоприобретателя, а так же Интернет-ресурсах, мобильных приложениях, социальных сетях их партнеров.

3. Страховщик имеет право:

1) Требовать от Страхователя необходимые документы для проведения надлежащей проверки клиентов;

2) при заключении договора страхования произвести осмотр страхуемого имущества, а при необходимости – назначить экспертизу в целях установления его действительной стоимости;

3) проверять предоставленную страхователем (застрахованным) информацию и документы, а также выполнение страхователем (застрахованным) требований и условий договора страхования;

4) участвовать в осмотре поврежденного имущества;

5) самостоятельно выяснять причины и обстоятельства события, имеющего признаки страхового случая, в том числе направлять запросы в компетентные органы;

6) требовать от страхователя или застрахованного лица информацию, необходимую для установления факта страхового случая, обстоятельств его возникновения;

7) отказать в страховой выплате в случае умысла страхователя или его уполномоченного лица, а также при невыполнении страхователем условий договора страхования, либо непризнания события страховым случаем, письменно уведомив об этом страхователя (застрахованного/ выгодоприобретателя);

8) в любое разумное время проинспектировать и проверить наличие обстоятельств, способствующих возникновению риска;

9) на досрочное прекращение договора страхования в случае нарушения страхователем или застрахованным договора страхования или настоящих правил;

10) совершать иные действия, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

4. Страховщик обязан:

1) ознакомить страхователя с правилами страхования;

2) при наступлении страхового случая произвести страховую выплату в размере, порядке и сроки, установленные в договоре страхования;

3) возместить страхователю (застрахованному) расходы, произведенные им для уменьшения убытков при страховом случае;

4) обеспечить тайну страхования;

5) в срок не позднее 15 календарных дней с даты получения документов от Страхователя (Застрахованного), связанных со страховым случаем уведомить Страхователя или Застрахованного о недостающих документах, необходимых для осуществления страховой выплаты;

б) отказать в страховой выплате в случаях:



- нахождения Страхователя/ Застрахованного/ Выгодоприобретателя в перечне лиц и организаций, связанных с финансированием терроризма и экстремизма, опубликованного на официальном сайте Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу;
- не предоставления Страхователем/ Застрахованным документов, а также дополнительной информации по запросу Страховщика для проведения надлежащей проверки;
- когда есть основания полагать, что операция с деньгами и (или) иным имуществом совершается с целью ОД и ФТ.

5. Перечень прав и обязанностей сторон не является исчерпывающим, отдельные обязанности сторон предусмотрены другими пунктами настоящих правил, и могут быть расширены в договоре страхования.

12-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Сақтанушының құқықтары:

- 1) сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы туралы ақпаратты талап етуге;
- 2) егер ол Сақтандыру шарты бойынша Пайда алушы болып табылса, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін алуға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға.

2. Сақтанушы міндетті:

- 1) сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушыға өзіне белгілі, сақтандыру тәуекелін бағалау және сақтандырушының сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдауы үшін елеулі маңызы бар барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;
- 2) сақтандырушыға басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалып жатқан мүлікті залалдан сақтандыру шарттарының барлығы туралы жазбаша хабарлауға;
- 3) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;
- 4) сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы дереу хабардар етуге;
- 5) сақтандырылған тұлғаларға сақтандыру талаптарын жеткізуге;
- 6) сақтандыру талаптарын орындауға (сақтандырылған тұлғалардың сақтандыру шарты талаптарын бұзуы сақтанушының өзі сақтандыру шарты талаптарын бұзуы ретінде бағаланады);
- 7) сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдары сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы сақтандырушыны сақтандыру шартында белгіленген мерзімдерде хабардар етуге;
- 8) сақтандыру жағдайынан болатын залалдың алдын алу немесе оны азайту жөнінде шаралар қабылдауға;
- 9) сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы және салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы пайым жасауға мүмкіндік беретін өзінде бар барлық ақпаратты ұсынуға;
- 10) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қатысты суброгация тәртібімен талап ету құқығының сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;
- 11) Сақтанушы өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруді қоса алғанда, Сақтандырушының не үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне келісімін растайды. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы дербес деректерді одан әрі сақтау қажеттілігі жойылғанға дейін айқындайды және ол 10 жылды құрайды. Дербес деректерді пайдалану Қоғамның не үшінші тұлғаның Шарт талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын орындау, сондай-ақ тұтастай алғанда Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру мақсатында жүзеге асырылады;
- 12) Сақтанушы өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, оның ішінде мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімін растайды;
- 13) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуіне, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге, сондай-ақ дербес деректерді жалпыға



қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, оның ішінде мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге жазбаша келісім талап етуге міндетті;

14) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуіне келісімінің болмауы үшін жауапты болады, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге және дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға келісімнің болмауы, сондай-ақ мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімнің болмауы жағдайлары үшін;

15) Деректерді жинауға және өңдеуге келісім мыналарды қамтиды: атауы (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі); субъектінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса);

дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім қолданылатын мерзім немесе кезең; оператордың дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі немесе мұндай мүмкіндіктің болмауы туралы мәліметтер; оларды өңдеу процесінде дербес деректерді трансшекаралық берудің болуы немесе болмауы туралы мәліметтер; дербес деректердің жалпыға қолжетімді көздерде таратылуы туралы мәліметтер; дербес деректер субъектісіне қатысты жиналатын деректердің тізбесі.

16) Сақтанушы өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының жалпыға қолжетімді көздерде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда, әлеуметтік желілерде, интернет-ресурстарда, мобильді қосымшаларында, сондай-ақ олардың серіктестерінің интернет-ресурстарында, мобильді қосымшаларында, әлеуметтік желілерінде сақталатын Сақтанушының дербес деректерін Сақтандырушының не үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне келісімін растайды.

3. Сақтандырушының құқықтары:

- 1) Клиенттерге тиісті тексеру жүргізу үшін Сақтанушыдан қажетті құжаттарды талап етуге;
- 2) сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырылатын мүлікке қарау жүргізуге, ал қажет болған жағдайда оның нақты құнын анықтау мақсатында сараптама тағайындауға;
- 3) сақтанушы (сақтандырылған тұлға) ұсынған ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) сақтандыру шарты талаптары мен талаптарын орындауын тексеруге;
- 4) бүлінген мүлікті қарауға қатысуға;
- 5) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға, оның ішінде құзыретті органдарға сұрау салулар жіберуге;
- 6) сақтандыру жағдайының фактісін және оның туындау мән-жайларын анықтау үшін сақтанушыдан немесе сақтандырылған тұлғадан қажетті ақпаратты талап етуге;
- 7) сақтанушының немесе оның уәкілетті тұлғасының қасақаналығы болған жағдайда, сондай-ақ сақтанушы сақтандыру шартының талаптарын орындамаған кезде немесе оқиға сақтандыру жағдайы деп танылмаған кезде, бұл туралы сақтанушыны (сақтандырылған тұлғаны/пайда алушыны) жазбаша хабардар ете отырып, сақтандыру төлемінен бас тартуға;
- 8) тәуекелдің туындауына ықпал ететін мән-жайлардың болуын кез келген орынды уақытта инспекциялауға және тексеруге;
- 9) сақтанушы немесе сақтандырылған тұлға сақтандыру шартын немесе осы қағидаларды бұзған жағдайда сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға.

4. Сақтандырушы міндетті:

- 1) сақтанушыны сақтандыру қағидаларымен таныстыруға;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
- 3) сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) сақтандыру жағдайы кезінде залалды азайту үшін жұмсаған шығыстарын өтеуге;



- 4) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
- 5) Сақтанушыдан (Сақтандырылған тұлғадан) сақтандыру жағдайына байланысты құжаттарды алған күннен бастап 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей Сақтанушыны немесе Сақтандырылған тұлғаны сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы хабардар етуге;
- 6) сақтандыру төлемінен мынадай жағдайларда бас тартуға:
 - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты тұлғалар мен ұйымдар тізбесінде болуы;
 - Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушының сұрауы бойынша тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 - ақша және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция ҚЖ/ТҚ мақсатына арналып жасалады деп пайымдауға негіздер болған кезде.
5. Тараптардың құқықтары мен міндеттерінің тізбесі түпкілікті болып табылмайды, тараптардың жекелеген міндеттері осы қағидалардың басқа тармақтарында көзделген және сақтандыру шартында кеңейтілуі мүмкін.

13-бап. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары

1. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтанушы (сақтандырылған тұлға) сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, сақтандырушыға дереу жазбаша хабарлауға міндетті.
 2. Қалай болғанда да мынадай өзгерістер елеулі деп танылады:
 - сақтандыру объектісінің сипаттамаларының өзгеруі;
 - мүлікті сақтандыру аумағынан тыс жерде пайдалану;
 - сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) тұрғылықты жерінің ауысуы;
 - мүлікке меншік құқығының басқа тұлғаға өтуі;
 - мүлікті мүліктік жалға (жалдауға), лизингке, прокатқа, кепілге және өзге де ауыртпалыққа беру;
 - сенімхат беру немесе мүлікке билік ету құқықтарын ұсыну;
 - өндірістің тоқтатылуы немесе оның сипатының елеулі өзгеруі;
 - өтініште көрсетілген оны пайдалану мақсаттарының өзгеруі;
 - ғимараттарды, құрылыстарды бұзу, қайта салу немесе қайта жабдықтау;
 - сақтандыру жағдайының басталуына қарамастан, мүлік құралының елеулі бүлінуі немесе жойылуы;
 - қосарланған сақтандырудың болуы;
 - сақтанушының сақтандыру шартын жасасу кезінде берген өтінішінде көрсетілген талаптардың өзгеруі.
- Сақтандыру шартында тәуекел дәрежесінің ұлғаюына әсер ететін басқа да елеулі өзгерістер көзделуі мүмкін.
3. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген сақтандырушы сақтандыру шарты талаптарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.
 4. Егер сақтанушы немесе сақтандырылған тұлға сақтандыру шарты талаптарының өзгеруіне немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсылық білдірсе, сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын қайтару тәртібі сақтандыру шартында белгіленеді.
 5. Сақтанушы немесе сақтандырылған тұлға осы баптың 1-тармағында көзделген міндетті орындамаған жағдайда, сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды және шарттың бұзылуынан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.
 6. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар жойылып кетсе, сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.

14-бап. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушының іс-әрекеттері



1. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдары сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиға басталған кезде, сондай-ақ сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушы міндетті:

- қалыптасқан жағдайларда ықтимал залалдардың алдын алу немесе оларды азайту үшін барлық ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қабылдауға, оның ішінде бүлінген мүлікті құтқару және сақтау шараларын қабылдауға (егер сақтандырушы нақты шараларды қабылдау туралы нұсқаулар берсе, соларды орындауға міндетті);
 - оқиғаны уәкілетті мемлекеттік және өзге де құзыретті органдардың құжаттық рәсімдеуін қамтамасыз етуге;
 - өзі білген күннен бастап мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, оқиға туралы сақтандырушыны немесе оның уәкілетті өкілін хабардар етуге, оқиғаның мән-жайлары, келтірілген залалдың түрлері мен болжамды мөлшерлері туралы өзіне белгілі барлық мәліметтерді хабарлауға, сақтандырушымен одан арғы іс-әрекеттерді келісуге, сондай-ақ сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш ұсынуға. Егер сақтандыру шартында хабарлаудың өзге мерзімі және (немесе) тәсілі көзделсе, хабарлау келісілген мерзімде және шартта көрсетілген тәсілмен жасалуға тиіс;
 - бүлінген мүлікті сақтандырушы қарағанға дейін сақтандыру оқиғасы басталғаннан кейінгі күйінде сақтауға. Сақтанушы келтірілген залалдың көрінісін тек қауіпсіздік мақсаттары, залал мөлшерін азайту қажеттілігі туындаған кезде немесе сақтандырушының келісімі алынған кезде, сондай-ақ оқиға туралы сақтандырушы хабардар етілгеннен кейін екі апта өткен соң ғана өзгертуге құқылы;
 - сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін сақтандырушыға қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;
 - сақтандырушыға сақтандыру жағдайы (оқиғасы) болған жерді және бүлінген мүлікті қарауға немесе тексеруге, залалдың себептері мен мөлшеріне қатысты тергеу жүргізуге, залалды азайту және сақтандырылған мүлікті құтқару жөніндегі іс-шараларға қатысуға мүмкіндік беруге;
 - залал үшін жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығын қамтамасыз етуге.
2. Сақтандырушының өкілі сақтанушының залал туралы хабарламасын күтпестен, зардап шеккен мүлікті қарауға кірісуге құқылы. Сақтанушы оған кедергі жасауға құқылы емес.
3. Егер сақтанушы сақтандырылған тұлға болып табылмаса, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыны хабардар ету және қалыптасқан жағдайларда ықтимал залалдардың алдын алу немесе оларды азайту үшін барлық ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қабылдау, оның ішінде сақтандырылған мүлікті құтқару және сақтау шараларын қабылдау міндеті сақтандырылған тұлғаға жүктеледі.
4. Пайда алушы барлық жағдайларда, сақтанушы немесе сақтандырылған тұлға мұны жасаған-жасамағанына қарамастан, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыны хабардар етуге құқылы.
5. Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы келісілген мерзімде хабардар етпеу оған сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.
6. Қоймадағы жылжымалы мүлік, жабдық және/немесе тауарлар қаза болған немесе бүлінген жағдайда сақтанушы сақтандырушыға бүлінген, қаза болған немесе жоғалған мүліктің тізімдемесін ұсынуға міндетті. Бұл тізімдемелер сақтандырушымен келісілген мерзімдерде, бірақ кез келген жағдайда сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап бір айдан кешіктірмей ұсынылуға тиіс; тізімдемелер сақтандыру жағдайы болған күнгі бүлінген мүліктің құны көрсетіле отырып жасалады.
7. Сақтандырушы немесе оның өкілдері сақтандырылған мүлікті құтқаруға және сақтауға қатысуға, бұл үшін қажетті шараларды қабылдау жөнінде сақтанушыға нұсқау беруге құқылы.

15-бап. Сақтандыру жағдайының басталуын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

1. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ соның салдарынан келтірілген залалдарды дәлелдеу міндеті Сақтанушыға жүктеледі.
2. Сақтандыру төлемін алу үшін сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) құжат жүзінде мыналарды дәлелдеуге міндетті:
 - сақтандырылған мүлікке өзінің мүддесін;



- сақтандыру жағдайының болуын;
 - келтірілген залал мөлшерін.
3. Сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) сақтандыру төлемін алу үшін сақтандырушыға мынадай құжаттарды ұсынуға тиіс:
- 1) жеке басын куәландыру және сақтандыру төлемін алу талаптарын сақтау үшін: сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы өтініш; сақтандыру шарты (сақтандыру полисі); өтініш берушінің жеке куәлігі; жеке тұлғаның дара кәсіпкер ретінде тіркелгені туралы куәлік (егер сақтанушы жеке тұлға болып табылып, дара кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса); сақтандыру компаниясында іс жүргізуге және сақтандыру төлемін алуға құқық беретін сенімхат (заңды тұлға үшін немесе пайда алушының мүдделерін білдіру жағдайында);
 - 2) сақтандырылған мүліктің сақталуына мүддені дәлелдеу үшін: сақтандырылған мүлікке иелену, пайдалану және/немесе билік ету құқығын растайтын құжаттар (сатып алу-сату, жалдау шарты немесе мүлікке иелену, пайдалану және/немесе билік ету құқығын растайтын өзге құжат);
 - 3) сақтандыру жағдайының болуын дәлелдеу үшін: сақтандыру жағдайлары ретінде қарастырылатын оқиғаларды тергеп-тексеруді, сыныптауды және есепке алуды жүзеге асыратын арнайы уәкілетті органдар (комиссиялар) жасаған не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын құжаттар;
 - 4) келтірілген залал мөлшерін дәлелдеу үшін:
 - a) сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) жасаған, жоғалған және/немесе бүлінген мүліктің бүліну дәрежесі көрсетілген тізбесі;
 - b) тауарлық жүкқұжаттар мен чектер, жұмыстарды тапсыру-қабылдау актілері, калькуляциялар, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына арналған сметалар;
 - c) тәуелсіз сараптамалық (бағалау) ұйымдардың қорытындылары;
 - d) келтірілген залал мөлшерін растайтын өзге де құжаттар.
4. Сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) мүлікке мүддені, сақтандыру жағдайының басталуын және келтірілген залал мөлшерін растайтын өзге де дәлелдемелерді ұсынуға құқылы.
5. Болған оқиға туралы неғұрлым толық ақпарат алу мақсатында сақтандырушы құзыретті органдардан (ішкі істер органдары, өрт қадағалау органдары, авариялық-техникалық қызметтер, газ желісінің авариялық қызметтері), кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан оқиғаның басталу мән-жайлары туралы мәліметтер сұратуға, сондай-ақ оның туындау себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға құқылы.
6. Қажет болған жағдайда оқиғаның басталу себептерін және залал мөлшерін айқындау жөніндегі жұмысты сақтандырушының тапсырмасы бойынша тәуелсіз сарапшылар, бағалаушылар, авариялық комиссарлар орындай алады.

16-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

1. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы жазбаша өтінішті, сондай-ақ сақтандыру төлемі үшін қажетті барлық құжаттарды алғаннан кейін сақтандырушы мынадай әрекеттерді жүзеге асырады:
- 1) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу фактісін анықтайды; сақтанушының өтінішінде келтірілген мәліметтердің сәйкестігін тексереді; сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның, пайда алушының) сақтандырылған мүліктің сақталуына мүддесінің болуын тексереді; залал келтірілген оқиғаның туындау фактісі мен себептерін айқындайды; сарапшыларды, авариялық комиссарларды тарту қажеттілігін айқындайды, өзге де әрекеттерді жүзеге асырады;
 - 2) оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындайды, сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды.
2. Сақтандыру төлемі сақтандырушы тарабынан сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) ұсынған, осы Қағидалардың 16-бабында көрсетілген құжаттар, сондай-ақ қажетті құжаттар ұсынылғаннан кейін сақтандырушы не оның өкілі жасаған сақтандыру жағдайы туралы акт негізінде жүзеге асырылады.
3. Сақтандыру төлемі сақтандырушы тарапынан пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемі сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) сақтандыру жағдайы нәтижесінде шеккен нақты залал мөлшерінен аспауға тиіс.
4. Егер сақтандыру шартында өзгеше айқындалмаса, сақтандыру төлемі сақтандыру шартында айқындалған франшизаны (шартты, шартсыз) және сақтандыру сомасын ескере отырып, әрбір сақтандырылған объекті бойынша мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:
- 1) егер сақтандыру шартында сақтандыру сомасы сақтандырылған мүліктің нақты құны



мөлшерінде айқындалса, сақтандыру төлемі нақты залал мөлшерінде, бірақ сақтандыру сомасы шегінде, осы тармақтың 3) – 5) тармақшаларын ескере отырып жүзеге асырылады; 2) егер сақтандыру шартында сақтандыру сомасы сақтандыру шарты жасалған сәтте сақтандырылған мүліктің нақты құнынан төмен айқындалса, сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасының мүліктің нақты құнына қатынасына пропорционалды түрде, бірақ сақтандыру сомасы шегінде, осы тармақтың 3) – 5) тармақшаларын ескере отырып айқындалады. Бұл жағдайда сақтандыру төлемінің мөлшері (СТ) мынадай формула бойынша айқындалады: $СТ = НЗ \times СС/СҚ$, мұнда: **НЗ** - нақты залал мөлшері; **СС** - сақтандыру сомасы; **СҚ** – мүліктің нақты құны;

3) егер осы тармақтың 1) немесе 2) тармақшаларында айқындалған сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру шартында белгіленген франшиза мөлшерінен аспаса, сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды;

4) егер осы тармақтың 1) немесе 2) тармақшаларында айқындалған сақтандыру төлемінің мөлшері шартсыз франшиза мөлшерінен асып кетсе, сақтандыру төлемі сақтандыру шартында белгіленген шартсыз франшиза мөлшерін шегере отырып жүзеге асырылады;

5) егер осы тармақтың 1) немесе 2) тармақшаларында айқындалған сақтандыру төлемінің мөлшері шартты франшиза мөлшерінен асып кетсе, сақтандыру төлемі осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларына сәйкес франшизаны шегермей айқындалған мөлшерде жүзеге асырылады;

6) егер сақтандыру шартында франшиза белгіленбесе, сақтандыру төлемі осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Егер сақтанушы (сақтандырылған тұлға немесе пайда алушы) келтірілген залал үшін жауапты тұлғадан өтемақы алған болса, сақтандырушы осы бапқа сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшері осы баптың 4-тармағына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшерінен аспайтын жағдайда, келтірілген нақты залал мөлшері мен көрсетілген тұлғадан алынған өтемақы арасындағы айырма мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

6. Егер осы баптың 5-тармағына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшері осы баптың 4-тармағына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшерінен асып кетсе, сақтандыру төлемі осы баптың 4-тармағына сәйкес есептелген мөлшерде жүзеге асырылады.

7. Егер сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін сақтанушы (сақтандырылған тұлға немесе пайда алушы) келтірілген залал үшін жауапты тұлғадан өтемақы алған болса, ол осы баптың 4-6-тармақтарына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің бір бөлігіне ғана құқылы болады, осыған байланысты сақтандырушы артық төленген сақтандыру төлемі сомасын қайтаруды талап етуге құқылы, ал келтірілген залал үшін жауапты тұлғадан өтемақы алған сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) сақтандырушыға артық алынған соманы қайтаруға міндетті.

8. Егер сақтандыру шартында өзгеше айқындалмаса, нақты залал мөлшері мынадай түрде айқындалады:

а) мүлік толық қаза болған, жойылған (ұрланған) кезде – сақтандыру шарты бойынша мүліктің сақтандыру құны мөлшерінде, пайдалануға және сатуға жарамды бар қалдықтарды шегере отырып, шарттың қолданылу кезеңіндегі тозуды (немесе тозусыз) ескере отырып. Мүліктің жөндеуге (қалпына келтіруге) кететін шығындары тозуды ескере отырып, мүліктің нақты құнының 80%-ынан асатын бүлінген жай-күйі мүліктің толық қаза болуы (жойылуы) деп танылады. Бүлінген жай-күй әрбір объекті бойынша жеке айқындалады;

б) мүлік ішінара бүлінген кезде – оны жөндеуге немесе қалпына келтіруге кететін шығындар мөлшерінде не, егер мүлік жөнделмесе (қалпына келтірілмесе), құнының тиісті бөлігі мөлшерінде. Жөндеу (қалпына келтіру) шығындарына жөндеуге арналған материалдар мен қосалқы бөлшектерді сатып алуға, сондай-ақ жөндеу жұмыстарын жүргізуге ақы төлеуге арналған шығыстар енгізіледі. Жөндеу (қалпына келтіру) шығындарынан жөндеу процесінде ауыстырылатын жекелеген бөлшектердің (бөлшектер, тораптар, агрегаттар және т.б.) қалдық құны шегеріледі.

9. Жөндеу-қалпына келтіру шығыстарына жөндеуге арналған материалдарға, жөндеу жұмыстары үшін ақы төлеуге және сақтандырылған мүлікті сақтандыру жағдайы басталғанға дейінгі жай-күйге келтіру үшін қажетті өзге де шығыстарға арналған шығыстар жатады. Егер бүлінген бөлшектерді ауыстыру сақтандырылған мүліктің қауіпсіздігіне қатер төндірмей жөндеуге мүмкін болғанына қарамастан жүргізілсе, сақтандырушы сақтанушыға (сақтандырылған тұлғаға, пайда алушыға) осы бөлшектерді жөндеу құнын, бірақ оларды ауыстыру құнынан аспайтын мөлшерде өтейді. Жөндеу-қалпына келтіру шығыстарының сомасынан жөндеу процесінде ауыстырылатын бөлшектердің тозуына шегерімдер жүргізіледі.



- 10.** Сақтандырушы мен сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның, пайда алушының) келісімі бойынша жөндеу-қалпына келтіру шығыстары мынадай негіздер бойынша айқындалуы мүмкін:
- 1)** сақтандырушының калькуляциясы; немесе
 - 2)** авариялық комиссардың (сюрвейердің) және/немесе диспашердің (аджастердің) не тәуелсіз сарапшының (бағалаушының) қорытындысы; немесе
 - 3)** сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) ұсынған төленген шоттар, сметалар, жүкқұжаттар және өзге де құжаттар негізінде бүлінген мүлікке жүргізілген жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына нақты жұмсалған шығыстар мөлшерінде; немесе
 - 4)** тараптардың келісімі бойынша ұсынылған құжаттар негізінде.
- 11.** Мүлікке келтірілген залал мөлшерін айқындаудың нақты тәсілі тараптардың келісімі бойынша айқындалады.
- 12.** Калькуляция жасау кезінде бөлшектер мен жұмыстарға қатысты орташа қолданыстағы нарықтық бағалар қолданылады.
- 13.** Тараптар арасында залалдың себептері мен мөлшері туралы даулар туындаған жағдайда, тараптардың әрқайсысы сараптама жүргізуді талап етуге құқылы. Сараптама оны жүргізуді талап еткен тараптың есебінен жүргізіледі. Егер сараптама нәтижелері бойынша сақтандырушының сақтандыру төлемінің бір бөлігін төлеуден бас тартуы негізсіз болғаны анықталса, сақтандырушы сараптамаға кеткен шығыстардың бастапқыда төлеуден бас тартылған сома мен сараптама жүргізілгеннен кейін төленген сақтандыру төлемі сомасының арақатынасына сәйкес келетін үлесін өз мойнына алады.
- 14.** Сақтандыру шартында пайдалануға және сатуға жарамды бар қалдықтарды шегерусіз сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделуі мүмкін. Бұл жағдайда сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) пайдалануға және сатуға жарамды бар қалдықтарды сақтандырушының меншігіне беруге міндетті.
- 15.** Егер сақтандыру шартында сақтандырушы жаңа материалдар мен мүлік бөлшектерін сатып алуға арналған шығыстарды толық көлемде, жөндеу процесінде ауыстырылатын жекелеген бөлшектердің қалдық құнын шегермей өтейтіні айқындалса, онда сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) жөндеу барысында ауыстырылатын жекелеген бөлшектерді сақтандырушының меншігіне беруге міндетті.
- 16.** Залал мөлшері бухгалтерлік есеп пен есептілік деректері бойынша және бастапқы кіріс және шығыс құжаттары (төлем тапсырмалары, шот-фактуралар, жүкқұжаттар, тауарларды ведомствошілік ауыстыру туралы өкімдер және т.б.), ревизиялар, тексерулер актілері және т.б. негізінде сақтандыру жағдайы болған сәтте болған мүліктің саны мен сақтандыру құнынан шыға отырып айқындалады.
- 17.** Егер бухгалтерлік кітаптар, карточкалар, бастапқы құжаттар жойылған болса, онда сақтандыру оқиғасы болған сәттегі мүлік құны белгіленген тәртіппен бекітілген, сақтандыру жағдайына байланысты жасалған материалдық жауапты тұлғалардың тауар-ақша, тауар немесе кассалық есептері негізінде айқындалады. Бұл ретте есептерде көрсетілген, соңғы есепті күннен бастап сақтандыру жағдайы болған сәтке дейінгі тауар-материалдық құндылықтар қалдықтарының өзгеруі туралы деректер мұқият тексерілуге, ал қажет болған жағдайда тиісті ұйымдардың (тауарларды жөнелткен, ақша түсімін қабылдаған және т.б.) құжаттарымен салыстырылуға тиіс.
- 18.** Жекелеген жағдайларда сақтандыру жағдайы болған сәттегі мүліктің саны мен құны есептік жолмен де, яғни ыдыстың саны мен мөлшері бойынша, қалдықтардың саны бойынша, мүлік орналасқан үй-жайдың көлемінен және т.б. шыға отырып айқындалуы мүмкін.
- 19.** Қаза болған (бүлінген) сәттегі болуы құжаттармен немесе қалдықтар мен сақтандыру жағдайы болған жерді қарау арқылы дәлелденбеген мүліктің құны залал сомасына енгізілмейді.
- 20.** Сақтандыру жағдайы болған сәтте болған мүлік құнын анықтау үшін ұйымдағы соңғы есепті күнге тіркелген мүлік құнына кірісті қосып, есепті күннен сақтандыру жағдайы болған сәтке дейінгі шығысты шегеру қажет. Алынған нәтижеден мыналар алып тасталады: тауарлардың табиғи кему сомасы; бүліну, сыну, ұрлану және т.б. себептермен бұрын есептен шығарылуға тиіс болған мүліктің құны; сақтандыру жағдайы болған сәтте материалдық жауапты тұлға банкке тапсырмаған түсім сомасы. Тапсырылмаған түсім сомасы өткен жылдың дәл осы кезеңіндегі тапсырылған түсім сомасымен, ағымдағы жылғы тауар айналымының өсуіне (төмендеуіне) түзетілген түрде салыстырылады. Мүлік құнын есептеу кезінде сомалардың үлкені қабылданады.
- 21.** Тауар-материалдық құндылықтардың табиғи кемуі мынадай түрде айқындалады:
- 1)** бөлшек сауда кәсіпорындарында – сақтандыру жағдайына дейінгі соңғы түгендеу күнінен бастап болған сақтандыру жағдайына байланысты жүргізілген түгендеу күніне дейінгі кезеңдегі



- тауар айналымына пайызбен;
- 2) көтерме базаларда, қоймаларда және т.б. – түгендеулер арасындағы кезеңде босатылған тауарларға және сақтау мерзімін ескере отырып, түгендеу кезеңінің соңындағы тауар қалдықтарына пайызбен. Ревизиялар, тексерулер актілері және т.б., сондай-ақ оқиға болған жерде тексеру арқылы ұйымында сақтандыру жағдайы болған күнге дейін бүліну, сыну, ұрлану және т.б. себептермен есептен шығарылуға жататын, бірақ сақтанушы есептен шығармаған мүлік болған-болмағаны анықталуға тиіс.
22. Тауар-материалдық құндылықтар қаза болған жағдайда, сақтандыру жағдайы болған сәтте болған мүлік құнынан соңғы түсімді банкке тапсырған күннен бастап сақтандыру жағдайына дейінгі кезеңдегі тапсырылмаған түсім сомасы немесе өткен жылдың дәл осы кезеңіндегі тапсырылған түсімнің орташа сомасы, ағымдағы жылғы тауар айналымының өсуіне (төмендеуіне) түзетілген түрде алып тасталады. Бұл ретте, егер тапсырылмаған түсім өзінің толық көлемі бойынша өткен жылдың дәл сол күндері мен сағаттарында тапсырылған түсімнің ағымдағы жылғы тауар айналымының өсуіне (төмендеуіне) түзетілген сомасынан асып кетсе, онда есепке тапсырылмаған түсім мен есеп беретін тұлғалардың сомасы алынады. Олай болмаған жағдайда өткен жылдың тиісті кезеңі үшін тапсырылған түсімнің ағымдағы жылғы тауар айналымының өсуіне (төмендеуіне) түзетілген сомасы ескеріледі.
23. Құрылысқа, жөндеуге, қайта өңдеуге және т.б. пайдаланылуы мүмкін барлық қалдықтар есепке алынуға жатады; сондай-ақ мал азығына, отынға, қайталама шикізатқа (металл сынығы, утиль) жарамды қалдықтар да есепке алынады. Азық-түлік тауарлары қалдықтарын пайдалану мүмкіндігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің қорытындысы алынуға тиіс. Одан әрі пайдалануға жарамсыз деп танылған қалдықтар комиссия мүшелерінің қатысуымен жойылуға жатады.
24. Сақтандыру жағдайына байланысты объектіні бұрынғы орнында қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайларда, олардың қалдықтарының құны объектіні, оның ішінде іргетасты бөлшектеу кезінде алынуы мүмкін материалдар (кірпіш, тас, ағаш және т.б.) саны бойынша есепке алынады. Бұл ретте алынуы мүмкін қалдықтардың саны қолданыстағы нормалардан шыға отырып айқындалады.
25. Қалдықтардың құны сақтандыру жағдайы нәтижесінде құнсыздануын және одан кейін оларды қалпына келтіруді ескере отырып, қолданыстағы бағалар бойынша айқындалады.
26. Жұмыстарды шұғыл жүргізу, мүліктің бұрынғы жай-күйін жетілдіру немесе өзгерту және осы сақтандыру жағдайына байланысты емес өзге де қосымша шығыстар нақты залал сомасына енгізілмейді және сақтандырумен жабылмайды.
27. Егер сақтандыру шартында өзгеше айқындалмаса, нақты залал мөлшерін айқындау кезінде мыналар ескерілмейді және сақтандырумен жабылмайды:
- 1) мүлікке техникалық, профилактикалық және кепілдік қызмет көрсету шығыстары;
 - 2) мүлікті қайта жаңарту және қайта жабдықтауға, оның жекелеген бөлшектерін, тетіктерін мен тораптарын олардың тозуына, техникалық ақауына және сақтандыру жағдайына жатпайтын өзге де себептерге байланысты жөндеуге немесе ауыстыруға байланысты жұмыстар;
 - 3) сақтандыру жағдайынан туындамаған мүлік бөлшектерін (тетіктерін және т.б.) жөндеу немесе ауыстыру құны;
 - 4) қарастырылып отырған сақтандыру жағдайына тікелей қатысы жоқ жетіспейтін бөлшектердің (тетіктердің, агрегаттардың және т.б.) құны;
 - 5) нормативтен жоғары тарифтерді, бағаларды және коэффициенттерді қолдануға байланысты шығыстар;
 - 6) сақтандырылған мүлік құнының ұлғаюына әкеп соғатын өзге де шығыстар.
28. Сақтанушы (сақтандырылған тұлға немесе пайда алушы) мүлік ұрланған жағдайда сақтандыру төлемін алған кезде сақтандырушымен шарт жасасуға міндетті, оған сәйкес:
- 1) ұрланған мүлік табылған жағдайда, мүлік иесі табылған мүлікке меншік құқығын сақтандырушының пайдасына беруді ресімдеу жөніндегі міндеттемені өзіне алады. Бұл ретте шарт бойынша тараптар меншік құқығын сақтандырушының пайдасына беруді ресімдеуге байланысты шығыстарды тең бөліседі;
 - 2) егер меншік иесі осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген міндеттемені орындамаса немесе тараптардың келісімі бойынша, сақтанушы (сақтандырылған тұлға немесе пайда алушы) мүлік табылған күннен бастап 10 күн ішінде сақтандырушыға алынған сақтандыру төлемін, мүліктің жоғалған агрегаттарының, бөлшектерінің, жүйелерінің, тораптарының, құрылғылары мен



конструкция элементтерінің құнын, сондай-ақ ұрлауға байланысты жөндеу немесе мүлікті сақтандыру жағдайы басталған сәттегі жай-күйіне келтіру шығыстарын шегере отырып, қайтаруға міндетті.

29. Егер сақтандыру шартында өзгеше айқындалмаса, осы баптың 28-тармағына сәйкес шарт жасасу мүлік ұрланған жағдайда сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті талап болып табылады.

30. Тараптардың келісімі бойынша мүлік қаза болған жағдайда сақтандырушы сақтандыру төлемінің орнына залалды заттай нысанда, яғни қаза болған мүліктің орнына ұқсас мүлік беру арқылы өтей алады.

31. Сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) залалдардың алдын алу немесе оларды азайту мақсатында шеккен шығыстары, егер мұндай шығыстар қажетті болса немесе сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жасалған болса, тіпті тиісті шаралар нәтижесіз болса да, Сақтандырушы тарапынан өтелуге жатады. Мұндай шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемінің және шығыстар өтемінің жалпы сомасы сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан (жауапкершіліктің шекті көлемінен) аспауға тиіс. Егер шығыстар сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қарамастан толық мөлшерде өтеледі.

32. Егер сақтанушы (сақтандырылған тұлға) ықтимал залалдарды азайту үшін өзіне қолжетімді және ақылға қонымды шараларды қасақана қолданбағандықтан залалдар туындаса, сақтандырушы сол залалдар бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

33. Егер сақтанушы (сақтандырылған тұлға немесе пайда алушы) осы Қағидалардың 16-бабында көрсетілген құжаттарды ұсынбаса немесе залалдың туындау мән-жайлары мен оның мөлшеріне қатысты көрінеу жалған мәліметтер ұсынса, не осы баптың 28-тармағына сәйкес шарт жасалмаса, сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

34. Сақтандыру шартында сақтандыру төлемі жүзеге асырылған сақтандыру шартының, сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасы мен жүзеге асырылған сақтандыру төлемі мөлшерінің арасындағы айырмаға тең сақтандыру сомасы мөлшерінде, оның қолданылу мерзімінің соңына дейін күшінде қалатыны белгіленуі мүмкін.

35. Осы баптың 34-тармағында көзделген жағдайда, сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасын осы қағидалардың талаптарымен сақтандырудың қалған мерзіміне қосымша келісім жасасу және мынадай формула бойынша есептелген қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеу арқылы қалпына келтіруге құқылы (бір жылға жасалған сақтандыру шарттары үшін):

$ҚСС = ТС \times СТ \times (N/12)$, мұнда:

ҚСС - қосымша сақтандыру сыйлықақысы;

ТС - төленген сақтандыру төлемінің мөлшері;

СТ – сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру тарифі;

N - сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қалған толық айлар саны.

17-бап. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі

1. Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін он күндік мерзімде немесе тараптардың келісімімен айқындалған мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл туралы сақтанушыға (сақтандырылған тұлғаға, пайда алушыға) жазбаша нысанда хабарлайды. Егер Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тартудың себебін дәлелді түрде негіздейді.

2. Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім шығарылғаннан кейін он күндік мерзімде немесе тараптар сақтандыру шартында айқындаған мерзімде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

3. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес жауапты болады.

4. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына сақтанушы, сақтандырылған тұлға немесе пайда алушы сот тәртібімен шағымдана алады.

5. Егер сақтандыру жағдайы мынадай мән-жайлардың салдарынан орын алса, сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:



- 1) сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның туындауына ықпал еткен сақтанушының, сақтандырылған тұлғаның және (немесе) пайда алушының қасақана әрекеттері, қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда;
 - 2) сақтандыру жағдайымен себеп-салдарлық байланыста болатын және заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған сақтанушының, сақтандырылған тұлғаның және (немесе) пайда алушының әрекеттері.
6. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына сондай-ақ мынадай мән-жайлар негіз болуы мүмкін:
- 1) сақтанушының сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;
 - 2) сақтанушының сақтандыру жағдайынан туындаған залалдарды азайту жөнінде шараларды қасақана қабылдамауы;
 - 3) сақтанушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан тиісті залал өтемін алуы;
 - 4) сақтанушының сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау мән-жайларын тергеуге және келтірілген залал мөлшерін белгілеуге кедергі келтіруі;
 - 5) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыны хабардар етпеу;
 - 6) сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қатысты өз талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ сақтандырушыға сақтанушының талап ету құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы;
 - 7) Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушының сұрауы бойынша тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 - 8) ақша және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция ҚЖ/ТҚ мақсатына арналып жасалады деп пайымдауға негіздердің болуы.
7. Осы баптың 5-6-тармақтарында көзделген оның заңсыз әрекеттеріне байланысты сақтандырушыны сақтанушы алдындағы сақтандыру жауапкершілігінен босату, сақтандырушыны сақтандырылған тұлғаға немесе пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан да бір мезгілде босатады.
8. Егер құқық қорғау органдары сақтанушыға (сақтандырылған тұлғаға, пайда алушыға) немесе оның отбасы мүшелеріне қатысты қылмыстық іс қозғап, залалдың туындауына әкеп соққан мән-жайлар бойынша тергеу жүргізіп жатса, не құзыретті органдарда сақтандыру төлемінен бас тартуға негіз болуы мүмкін материалдар болса, сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау мерзімін тергеу немесе сот талқылауы аяқталғанға дейін кейінге қалдыруға құқылы, бұл туралы сақтанушыны (сақтандырылған тұлғаны, пайда алушыны) кешіктіру себептерін көрсете отырып жазбаша түрде хабардар етеді.
9. Егер сақтандырушыда сақтандыру жағдайын немесе залал мөлшерін растайтын құжаттардың түпнұсқалығына негізді күмәндар болса, мұндай құжаттардың шынайылығы расталғанға дейін сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдауды кейінге қалдыруға құқылы.
10. Ірі тәуекелдерді қайта сақтандыру жағдайында тараптардың келісімі бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімі кейінірек күнге ауыстырылуы мүмкін.

18-бап. Сақтанушының залалды өтеуге қатысты құқықтарының сақтандырушыға өтуі (суброгация)

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға төленген сома шегінде, сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) сақтандыру нәтижесінде өтелген залал үшін жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығы өтеді.
2. Сақтанушы (сақтандырылған тұлға) сақтандыру төлемін алған кезде өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді сақтандырушыға беруге және сақтандырушының өзіне өткен талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
3. Егер сақтанушы (сақтандырылған тұлға) сақтандырушы өтеген залал үшін жауапты тұлғаға қатысты өз талап ету құқығынан бас тартса немесе бұл құқықты жүзеге асыру сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) кінәсінен мүмкін болмаса, сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.



19-бап. Сақтандыру шартының тоқтатылу талаптары

1. Егер сақтандыру шартында өзгеше айқындалмаса, сақтандыру шарты мынадай жағдайларда өз қолданысын тоқтатады:

- 1) сақтандырушының сақтандыру шарты бойынша сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) алдындағы міндеттемелерін толық көлемде орындауы;
- 2) сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің аяқталуы;
- 3) егер сақтандырылған тұлға сақтандыру жарналарын төлеу бойынша сақтанушының міндеттерін өзіне қабылдаса, заңды тұлға болып табылатын сақтанушының таратылуы немесе жеке тұлға болып табылатын сақтанушының қайтыс болуы;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандырушының таратылуы;
- 5) соттың сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдауы.

2. Тараптардың сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқығы бар. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы тараптар бір-бірін сақтандыру шартын тоқтатудың болжамды күнінен кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті.

3. Егер сақтандыру шарты мынадай мән-жайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса:

- 1) сақтандыру объектісі өмір сүруін тоқтатқанда;
- 2) егер Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыруға қарсылық білдірсе, Сақтанушының мүлдіктік сақтандыру объектісін иеліктен шығаруында;
- 3) өзінің кәсіпкерлік тәуекелін сақтандырған Сақтанушының кәсіпкерлік қызметі белгіленген тәртіппен тоқтатылғанда;
- 4) сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылып, сақтандыру тәуекелі сақтандыру жағдайынан өзге мән-жайлар бойынша тоқтағанда;
- 5) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде;
- 6) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында көзделген жағдайларда;
- 7) мынадай жағдайларда:
 - Сақтанушыны, Сақтандырылған тұлғаны және Пайда алушыны тиісті тексеру жөніндегі шараларды қабылдау мүмкін болмағанда;
 - іскерлік қатынастар ақша жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланылып отыр деп пайымдауға негіздер болғанда. Бұл жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыны жазбаша хабардар ету жолымен Шартты бұзуды жүзеге асырады.

Сақтандыру шарты осы тармақта сақтандыру шартын тоқтатуға негіз ретінде көзделген көрсетілген мән-жай туындаған сәттен бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы Сақтанушы Сақтандырушыны дереу хабардар етуге міндетті.

4. Осы бөлімнің 3-тармағында көрсетілген оқиғалар басталған кезде Сақтандырушы, сақтандыру жағдайлары болмаған жағдайда, сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін, сақтандыру шартын жасасуға байланысты әкімшілік шығыстарды (оған мыналар кіреді: жасалған сақтандыру шарты бойынша табыс салығы, агенттік сыйақы және осы сақтандыру шартына қызмет көрсететін менеджерге сыйақы) шегере отырып, жалпы сақтандыру сыйлықақысының 25 % мөлшерінде қайтарады.

5. Егер бұл осы Сақтандыру қағидаларының 3-тармағында және ҚР АҚ 841-бабының 1-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, Сақтанушы-жеке тұлғаның сақтандыру полисінен бас тартуына байланысты сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған кезде, ол жасалған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын), сақтандыру әрекет еткен уақытқа пропорционалды сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және сақтандыру полисін бұзуға байланысты алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызы мөлшеріндегі шығыстарды шегере отырып қайтаруға міндетті.

6. Сақтанушы-жеке тұлғаның заем шартымен байланысты Сақтандыру полисінен, заем беруші алдындағы заем шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауына (қарыз алушы ретінде) байланысты бас тартуы себебінен Сақтандыру полисі мерзімінен бұрын бұзылған кезде, Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру



жарналарын), сақтандыру әрекет еткен уақытқа пропорционалды сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және сақтандыру шартын бұзуға байланысты алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызы мөлшеріндегі шығыстарды шегере отырып қайтаруға міндетті.

7. Осы Сақтандыру қағидаларының 3.–6.-тармақтарында көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған кезде, сақтандыру сыйлықақысы қайтарылуға жатпайды.

8. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан және сақтандыру сыйлықақысын төлемеген жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде, Шарттан бас тартқан күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде төлеуге, сондай-ақ сақтандыру сыйлықақысын уақтылы төлемегені үшін төленуге тиіс сақтандыру сыйлықақысының 0,1% мөлшерінде әрбір мерзімі өткен күн үшін тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

9. Егер сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамауынан туындаса, соңғысы сақтанушыға өзі төлеген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын толық көлемде қайтаруға міндетті.

10. Егер Сақтандыру полисі бойынша кез келген мөлшерде сақтандыру төлемі жүзеге асырылған болса, Сақтандыру полисі кез келген негіз бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде – сақтандыру сыйлықақысы және/немесе оның бір бөлігі қайтарылуға жатпайды.

20-бап. Қосымша талаптар

1. Осы қағидаларға сәйкес жасалатын сақтандыру шартына сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы келісім бойынша қосымша талаптар (сақтандыру ескертпелері, айқындамалар, алып тастаулар және т.б.) енгізілуі мүмкін.

2. Сақтандыру шартында комиссияның болуы немесе болмауы көрсетіледі.

3. Сақтанушы осы Сақтандыру қағидаларына сақтандыру полисін жасасу арқылы қосыла отырып, өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін, оның ішінде қайта сақтандыру шартын жасасу кезінде дербес деректерді беруді қоса алғанда, Сақтандырушының не үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне келісімін растайды. Дербес деректерді пайдалану Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Шарт талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын орындау, сондай-ақ тұтастай алғанда Сақтандырушы қызметінің мақсаттарын іске асыру мақсатында жүзеге асырылады.

4. Сақтандыру полисін жасасу арқылы Сақтанушы өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін жинауға, сақтауға және өңдеуге, оның ішінде мұндай деректерді Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес үшінші тұлғаларға беруге келісімін растайды.

5. Сақтандыру полисін жасасу арқылы Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру шартын жасасуға, сондай-ақ Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның дербес деректерін өңдеуіне, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге келісімін, сондай-ақ мұндай деректерді Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес үшінші тұлғаларға беруге және Сақтандырылған тұлғаны ауыстыруға жазбаша келісім алғанын растайды.

6. Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (тұлғалардың) Шартты жасасуға келісімін алғанын растайды. Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаны (тұлғаларды) ауыстыруға құқылы, бұл ретте Сақтандырылған тұлғаның (тұлғалардың) ауыстыруға келісімі талап етілмейді.

7. Шарт бойынша тікелей немесе жанама түрде төмендегі оқиғалардың әсері нәтижесінде немесе олардың болуы кезінде туындаған жауапкершілікті сақтандыру жабылмайды:

1. соғыста, әскери іс-қимылдарда, арнайы операцияларда, бітімгершілік акцияларда, кез келген қақтығыстарда, толқуларда, жаппай тәртіпсіздіктерде, революцияларда, төңкерістерде, билікті құлатуда, оккупацияларда, интервенцияларда және өзге де осыған ұқсас әрекеттерде қолдануға арналған немесе қолданылатын кез келген зымырандардың, снарядтардың, миналардың, торпедалардың, бомбалардың, жаппай қырып-жою қаруларының және өзге де қару/құралдардың, машиналардың, кемелердің/өзге де жүзу құралдарының, техниканың, дрондардың, роботтардың, техникалық құралдардың, жабдықтардың әсері;

2. соғыста, әскери іс-қимылдарда, арнайы операцияларда, бітімгершілік акцияларда, кез келген қақтығыстарда, толқуларда, жаппай тәртіпсіздіктерде, революцияларда, төңкерістерде,



билікті құлатуда, оккупацияларда, интервенцияларда және өзге де осыған ұқсас әрекеттерде қолдануға арналған, қолданылған немесе қолданылғаннан кейін қалған, не осындай әрекет құралдарын залалсыздандырғаннан кейін қалған кез келген зымырандардың, снарядтардың, миналардың, торпедалардың, бомбалардың, жаппай қырып-жою қаруларының және өзге де қару/құралдардың, машиналардың, кемелердің/өзге де жүзу құралдарының, техниканың, дрондардың, роботтардың, техникалық құралдардың, жабдықтардың әсері.

8. Шарт бойынша тікелей немесе жанама түрде мынадай жағдайда туындаған жауапкершілікті сақтандыру жабылмайды:

1. соғыс жарияланғанына немесе жарияланбағанына қарамастан әскери іс-қимылдар;
2. мемлекеттік органдар, әскери қызметшілер, әскери міндеттілер, жалдамалы әскерлер, бітімгерлер жүргізетін кез келген арнайы операциялар, іс-шаралар, әрекеттер;
3. жаппай тәртіпсіздіктер, революциялар, қақтығыстар, толқулар, оккупациялар, интервенциялар, локауттар, ереуілдер, митингілер;
4. терроризмге қарсы операциялар;
5. бітімгершілік операциялар;
6. төтенше жағдай;
7. коменданттық жағдай;
8. әскери жағдай;
9. жүріп-тұруды шектеу режимдері;
10. жаппай тонаудың, қарақшылықтың, ұрлықтың, бұзақылықтың болуы.

9. Шарт бойынша сақтандыру қорғанысымен мыналардың нәтижесінде туындаған залал немесе жоғалту жабылмайды:

1. сақтандырылған мүлікті кез келген үкіметтің, не оның бұйрығы бойынша (әскери, азаматтық немесе іс жүзіндегі), не қоғамдық немесе жергілікті билік органдарының тәркілеуі, ұлттандыруы, басып алуы, ұстап қалуы, қамауға алуы, жоюы, иемденуі, меншігіне немесе пайдалану үшін реквизициялауы;
2. кез келген өзге талаптарға қарамастан, шарт бойынша сақтандыру оқиғаларға қолданылмайды, ал Сақтандырушы қандай да бір төлемдерді немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмайды және Сақтанушыға немесе өзге тұлғаға қандай да бір қызметтер көрсетпейді, егер мұндай жабу, төлем, сақтандыру төлемі немесе қызмет және/немесе Сақтанушының кез келген кәсіпкерлік немесе өзге де қызметі сауда немесе экономикалық санкциялар туралы қолданылатын кез келген заңнамалық немесе өзге де нормативтік-құқықтық нормаларды бұзу болып табылса.

10. Тараптар OFAC, Еуроодақ, Ұлыбритания тарапынан Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігі мен тәуелсіздігін бұзатын немесе оған қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты шектеу шаралары туралы санкциялар және/немесе шектеулер Сақтанушыға, оның: үлестес тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, жұмыскерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қолданылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыны жай жазбаша хабардар ету жолымен Шартты біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқылы екенімен келіседі. Шарт Сақтандырушы Сақтанушыға электрондық пошта арқылы немесе Сақтандыру шартында көрсетілген мекенжайға пошта арқылы хабарлама жіберген сәттен бастап бұзылған болып есептеледі.

11. Тараптар осы Қағидалардың осы бабының 10-тармағына сәйкес Шарттың қолданысы тоқтатылғаннан кейін Сақтандырушы осы Шарт бойынша төленген агенттік сыйақыны шегере отырып, пайдаланылмаған сақтандыру қорғанысы кезеңіне пропорционалды пайдаланылмаған сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін Шарттың қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде қайтаратынымен келіседі.

12. Тараптар OFAC, Еуроодақ, Ұлыбритания тарапынан Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігі мен тәуелсіздігін бұзатын немесе оған қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты шектеу шаралары туралы санкциялар және/немесе шектеулер Сақтанушыға, оның: үлестес тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, жұмыскерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қолданылған жағдайда, Сақтандырушы осы Шарт бойынша, оның ішінде санкциялар мен шектеулер қолданылғанға дейін басталған оқиғалар бойынша да сақтандыру төлемін жүзеге асырмайтынымен келіседі.

13. Тараптар Сақтандырушы осы Қағидалардың осы бабының 10-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзған кезде және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру



төлемі төленбеген жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға тұрақсыздық айыбын төлемейтінін және қандай да бір залалдарды өтемейтінін келіседі.

21-бап. Дауларды шешу тәртібі

21.1. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы (Пайда алушы) арасында туындайтын даулар тараптардың тікелей келіссөздер жүргізуі арқылы қаралады.

21.2. Тараптар реттей алмаған даулар Алматы қаласының соттарында қарауға беріледі. Егер Шарттың тарапы заңды тұлға болса, дау Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралады, ал егер Шарттың тарапы жеке тұлға болса, дау Алматы қаласының Алмалы аудандық сотында қаралады.



№ 1 қосымша

Мүлікті залалдан сақтандыру қағидаларына

САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІ
СТРАХОВОЙ ПОЛИС

№ ____

САҚТАНДЫРУ СЫНЫБЫ / КЛАСС СТРАХОВАНИЯ	Страхование имущества от ущерба
МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ / ГОСУДАРСТВЕННАЯ ЛИЦЕНЗИЯ	
САҚТАНДЫРУШЫ / СТРАХОВЩИК	«Евразия» СК» АҚ, Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 59. тел.: (727) 258 43 36; факс: 258 43 38, «Еуразиялық банк» АҚ-ның № 6 филиалындағы, БСН: 950540000024, IBAN: KZ4094806KZT22030005, BIC/SWIFT: EURIKZKA / АО «СК «Евразия», Республика Казахстан, 050004, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 59. тел.: (727) 258 43 36, факс: 258 43 38, БИН: 950540000024, IBAN: KZ4094806KZT22030005 в Филиале №6 АО «Евразийский банк» г.Алматы, BIC/SWIFT: EURIKZKA
САҚТАНУШЫ (аты-жөні, ЖСН, АБ, экономика секторының коды (ЭСК), резиденттік белгісі (РБ) / СТРАХОВАТЕЛЬ (Ф.И.О., ИНН, ПА, код сектора экономики (КСЭ), признак резидентства (ПР)	_____
САҚТАНДЫРЫЛҒАН САҚТАНУШЫ (аты-жөні, экономика секторының коды (ЭСК), резиденттік белгісі (РБ) / ЗАСТРАХОВАННЫЙ (Ф.И.О., код сектора экономики (КСЭ), признак резидентства (ПР)	_____
ПАЙДА АЛУШЫ САҚТАНУШЫ (аты-жөні, экономика секторының коды (ЭСК), резиденттік белгісі (РБ) / ВЫГОДOPPIPOБPЕTATEЛЬ (Ф.И.О., код сектора экономики (КСЭ), признак резидентства (ПР)	_____
САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ / ОБЪЕКТ СТРАХОВАНИЯ	Имущественные интересы страхователя (застрахованного), связанные с владением, использованием и/или распоряжением следующим имуществом: _____
САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІНІҢ МЕКЕН ЖАЙЫ / МЕСТОНАХОЖДЕНИЕ ОБЪЕКТА СТРАХОВАНИЯ	

САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ / СТРАХОВАЯ СУММА	САҚТАНДЫРУ СЫЙАҚЫСЫ / СТРАХОВАЯ ПРЕМИЯ
_____	_____
_____	_____
_____	_____

САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ / СТРАХОВОЙ СЛУЧАЙ	<p>Страхуется риск утраты (гибели) или повреждения имущества в результате следующих событий (по совокупности (полный пакет) или любой их комбинации):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) пожара, удар молнии, взрыва; 2) падение на застрахованное имущество пилотируемых летательных аппаратов или их обломков и предметов из них; 3) стихийные бедствия, а именно: извержения вулкана или действия подземного огня, оползня, горного обвала, бури, вихря, урагана, наводнения, ливня, снежной лавины; 4) землетрясение; 5) взрыв паровых котлов, газохранилищ, газопроводов, машин, аппаратов; 6) повреждение застрахованного имущества водой из водопроводных, канализационных, отопительных систем и систем пожаротушения; 7) противоправные действия третьих лиц, а именно: кража со взломом, грабеж или разбой
БЕЗУСЛОВНАЯ ФРАНШИЗА / ШАРТСЫЗ ФРАНШИЗА	<ol style="list-style-type: none"> 1) в размере ____ % от страховой суммы по каждому и любому страховому случаю; 2) несмотря на п.п.1) безусловная франшиза равна ____ % от страховой суммы при пожаре, или взрыве, или ударе молнии, или стихийных бедствиях, или при полной гибели/утрате в результате любого страхового случая, указанного в настоящем Договоре. <p>Безусловная франшиза – условие страхования, предусматривающее освобождение Страховщика от возмещения</p>



	убытков, не превышающих определенного размера.
САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ ВАЛЮТА ТҮРІ, ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ / ВИД ВАЛЮТЫ, ПОРЯДОК И СРОКИ УПЛАТЫ СТРАХОВОЙ ПРЕМИИ	
САҚТАНДЫРУ АЙМАҒЫ / ТЕРРИТОРИЯ ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	
САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ / СРОК ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	с «__» _____ 20__ года по «__» _____ 20__ года. обе даты включительно
ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР / ОСОБЫЕ УСЛОВИЯ	
САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ / ПОРЯДОК И СРОКИ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ СТРАХОВОЙ ВЫПЛАТЫ	Страховщик, после получения всех необходимых документов для принятия решения о страховой выплате или об отказе в страховой выплате, в десятидневный срок принимает решение об осуществлении страховой выплаты либо об отказе осуществлении страховой выплаты, о чем в письменной форме сообщает Страхователю (выгодоприобретателю). Страховщик осуществляет страховую выплату Страхователю в 10-дневный срок после вынесения решения о страховой выплате.
ПОЛИСІНІҢ ТАЛАПТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН ТӘРТІБІ / СЛУЧАИ И ПОРЯДОК ВНЕСЕНИЯ ИЗМЕНЕНИЙ В УСЛОВИЯ ПОЛИСА	Внесение изменений и дополнений в настоящий Полис не допускается, в случае необходимости внесения изменений настоящий страховой полис подлежит расторжению и заключению на новых условиях.
КОМИССИЯ/АГЕННІК ТӨЛЕМ	ДА/НЕТ

Сақтандыру шарттарымен таныстым, өзім хабарлаған деректердің шынайылығын растаймын, полисті алдым.

С условиями страхования ознакомлен, достоверность сообщенных мною сведений подтверждаю, полис получил.

Сақтандыру Ережесімен таныстым және алдым / С Правилами страхования ознакомлен и копию получил

Сақтандырушы (немесе оның өкілі)/

Страховщик (или его представитель):

АО «Страховая компания «Евразия»

Сақтанушы / Страхователь:

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

М.П.

Если подписант агент

Агент (ФИО/Наименование)

Адрес (если агент юридическое лицо)

ИНН/БИН

телефон

М.П.

Берілген күні / Дата выдачи: «__» _____ 20__ ж./г.